

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Өткен жылдар ішінде Консультативтік кездесулер аймақтың халықаралық субъектілігі мен бірлігін танытатын, сондай-ақ қазіргі сын-қатерлерге төтеп беруге дайындығын көрсететін тиімді алаңға айналғанын сенімді түрде айта аламын. Орталық Азия қашанда бірегей өркениеттер тоғысқан аймақ болған. Оның жалпы әлемдік прогресте атқаратын рөлі зор. Бүгінде ортақ тарихымыз бен халықтарымыздың дүниетанымының ұқсастығына арқа сүйеп, Орталық Азияның жаңа келбетін қалыптастырамыз. Оны келешекке ұмтылатын әрі мол мүмкіндіктер мекені ретінде танытамыз.

№95
(4683)
Сенбі
10 тамыз
2024 жыл




ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



АБАЙДЫҢ АЙРЫҚША БЕЙНЕСІ

10 тамыз Абай күні белгіленгеннен бастап бірнеше жыл көлемінде қарқынды аталып келе жатыр. Елорданың сол жағалауында қазақ ақыны және ойшылы Абай Құнанбайұлының ең ірі цифрлық бейнесі пайда болды. 65 метрлік портрет шолу дөңгелегінде орналасқан.

Ол 53 мың пиксельден астам жаңа LED жарықтандырумен жабдықталған.

Қала тұрғындары бұл жерді шығармашылық орын ретінде белсенді пайдалануда. Атап айтқанда, Е.Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармонияның әртісі, Астана тұрғыны Ұлжан Кұлжанова скрипкада «Көзімнің қарасы» туындысын орындады.

Нұра ауданының әкімдігі мен Ailand отбасылық демалыс орталығы ұйымдастырған іс-шара 10 тамызда атап өтілетін Абай күніне орайластырылды. Портрет пен анимацияны көрсету 16 тамызға дейін жалғасады.

(6-бет)



900 ГРАНТ БӨЛІНДІ

Астана қаласының жергілікті білім беру ұйымдарына мемлекеттік білім беру грантын тағайындау конкурсына талапкерлерден құжат қабылдау басталды. Бұл туралы Астана қаласы әкімдігінің ресми сайты хабарлады.

Астана әкімдігі елордалық жоғары оқу орындарына 900-ге жуық білім грантын бөлді. Құжаттар 2024 жылдың 5 тамызынан 10 тамызына дейін қабылданады. Астана әкімдігінің білім беру гранты еліміздегі сегіз жоғары оқу орнына өтінім беріліп қаралды. Олардың қатарында Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана халықаралық университеті, А.Құсайынов алтындығы Еуразия гуманитарлық институты, Дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясы, Ұлттық ғылыми онкология орталығы, Астана Медицина университеті бар.



ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ЖАҢА КЕЛБЕТІ ҚАЛЫПТАСАДЫ

Астанада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Орталық Азия мемлекеттері басшыларының VI Консультативтік кездесуі өтті.

Қазақстан Президенті осы уақытқа дейін өткен Консультативтік кездесулердің нәтижесі аймақтық ынтымақтастыққа жүйелі, жан-жақты әрі, ең бастысы, сенімді сипат беріп, бұрын-соңды болмаған деңгейге шығарғанын айтты. «Бірлескен күш-жігердің арқасында жылдар

бойы қордаланған мәселелер шешіліп жатыр. Аймақтың тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін кешенді шаралар қабылдануда. Шекара, сумен қамтамасыз ету, миграция мәселелері жоспарлы түрде реттеліп, өзара саудадағы көптеген кедергілер жойылды. Шекарадағы

өткізу пункттері жаңғыртылып жатыр. Көлік қатынасының мүмкіндіктері кеңейіп, жаңа бағыттар ашылуда. Сауда-экономикалық және инвестициялық ықпалдастық қарқынды дамып келеді» деді Мемлекет басшысы.

(Жалғасы 4-бетте)



ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ
ЖАҢАЛЫҒЫ ҚАНДАЙ?

7-БЕТ | БІЛІМ



ҚОРЖЫНДА — ҚОС КҮМІС

Ел қоржынына Париж Олимпиадасында қос күміс медаль түсті. Біріншісін грек-рим шебері Демеу Жадыраев олжаласа, екіншісі – боксшы Нұрбек Оралбайдың жеңісі.

77 келі салмақта сынға түскен 35 жастағы тәжірибелі балуан алғашқы айналымда колумбиялық Джејр Куероды айқын басымдықпен ұтты. Ширек финалда қырғызстандық Ақжол Махмудовтан басым түссе, жартылай финалда әзербайжандық Санан Сүлеймановтан айласын асырды. Бұл – екі балуан әлем чемпионы және жүлдегері, рейтинг бойынша өз салмағының көшбасшылары.

Финалда жапон балуаны Нео Кусакамен күресті. Бірінші айналымда 0:2 есебімен алға шыққанымен, екінші айналымда жапон балуаны белсенділігін арттырып, есепті 5:2-ге жеткізді. Осылайша Д.Жадыраевқа күміс медаль бұйырды.

Қазақ жанкүйерлері Нұрбек Оралбайдың жолын бағып, үмітпен қарады. Расында, түн ұйқысын төрт бөліп, мындаған жанкүйер теледидарға телмірді. Нұрбек те артында қалың қазақ елі тұрғанын біліп, рингте барын салды. Украина спортшысы Александр Хижняк Токио Олимпиадасындағы күмісті Парижде алтынға алмастыруға келіп, бар күш-қайратын салып, алға ұмтылды. Нәтижесінде 3:2 есебі тіркеліп, Хижняк мақсатына жетіп, Нұрбек күмісті қанағат тұтты.

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек елордалық спортшы Нұрбек Оралбайды олимпиададағы табысты өнерімен құттықтады.

АСТАНАДАҒЫ «БАРЫС-АРЕНА» АЛАҢЫНДА 10 ЖӘНЕ 11 ТАМЫЗ КҮНДЕРІ ТӘЖІКСТАННЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ХАЛЫҚ ҚОЛДӨНЕРІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАРЫ ӨНІМДЕРІНІҢ ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТЕДІ.



АСТАНА — АЛЫП
ҚҰРЫЛЫС АЛАҢЫ

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 511.74 \$ USD/KZT 474.71 ₸ RUB/KZT 5.54 ¥ CNY/KZT 65.51

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

ОДАҚТАСТЫҚ БАЙЛАНЫС

Төлен ТІЛЕУБАЙ

ШАҒЫН ҚҰРАМДА КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ

Қазақстан мен Өзбекстан президенттері шағын құрамда келіссөз жүргізді. Келіссөз алдында Ақордада елімізге мемлекеттік сапармен келген Өзбекстан Президентін салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауының бастығы мемлекеттер басшыларына рапорт беріп, екі елдің әнұрандары шырқалды. Содан кейін президенттер шағын құрамда келіссөз жүргізді.

Мемлекет басшысы Өзбекстан Президентіне ілтипат білдіре отырып, бұл сапар екі ел арасындағы ынтымақтастық пен одақтастықты дамытуға тың серпін беретінін айтты. «Қазақстан халқы Сіздің бүгінгі сапарыңызға үлкен мән беріп отырғанын атап өткім келеді. Мұның өзі көп дүниеден хабар береді. Жалпы, соңғы жылдары Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы байланыстар жақсы жағына қарай түбегейлі өзгерді. Екі ел ынтымақтастығын нақты мазмұнмен толықтыруға бар күш-жігерімізді саламыз. Бүгін біз мемлекеттеріміз арасындағы ынтымақтастық пен одақтастықтың негізгі бағыттарын айқындайтын құжаттарға қол қоямыз. Сондықтан бұл сапардың жөні бөлек» деді Қазақстан Президенті.

Өз кезегінде Өзбекстан Президенті көрсеткен сый-құрметі үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, Қазақстанға жасаған мемлекеттік сапарының маңызына тоқталды. «Бұл сапар тарихи мәнге ие. Бүгінгі кездесуіміз екі халық арасындағы сан ғасырға жалғасқан достық және тату көршілік қатынастардың тінін нығайта түсіп, стратегиялық серіктестік пен одақтастық байланыстарды жаңа деңгейге көтереді» деді Шавкат Мирзиёев.

Келіссөз барысында тараптар саяси, сауда-экономикалық, көлік-транзит, инвестиция, энергетика, ауыл шаруашылығы, су ресурстары, мәдени-гуманитарлық және өнеркәсіп кооперациясы салаларындағы ықпалдастықты одан әрі нығайту перспективаларын талқылады. Сондай-ақ өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі мәселелерді қарастырды. Президенттер қазақ-өзбек қатынастары барлық бағыт бойынша өркендеп келе жатқанын атап өтті.

БАСЫМ БАҒЫТТАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев Қазақстан мен Өзбекстанның Жоғары мемлекетаралық кеңесінің бірінші отырысына қатысты.

Кеңес отырысында екі елдің сауда-экономика, көлік-транзит, су шаруашылығы және энергетика, мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастығын кеңейтудің басым бағыттары талқыланды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ-өзбек қатынасы стратегиялық серіктестік және одақтастық рухында тұрақты дамып келе жатқанын атап өтіп, еліміз Өзбекстанмен ынтымақтастықты нығайта түсуге айрықша көңіл бөлетінін жеткізді. «Былтыр Одақтастық қатынастар туралы тарихи шартқа қол қойдық. Бү-



«Ақорда» резиденциясында Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевті салтанатты түрде қарсы алу рәсімі өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауының бастығы президенттерге рапорт беріп, екі мемлекеттің әнұрандары шырқалды. Салтанатты рәсімнен кейін мемлекеттер басшылары келіссөз залына барды.



гін алдағы он жылға арналған Стратегиялық әріптестікті және одақтастықты дамыту бағдарламасын бекітеміз. Осы маңызды қадамдар екі елдің байланысын ілгерілетуге айрықша серпін беретініне сенімдімін» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, қысқа уақыт ішінде өзара тауар айналымын бес миллиард долларға дейін жеткізіп, таяу жылдары бұл көрсеткішті екі еселеуге елдеріміздің әлеуеті жетеді. «Ауыл шаруашылығы, машина жасау, энергетика, коммуникация, цифрландыру секілді перспективті салалардағы ынтымақтастық әлеуетін толық пайдалану маңызды. Бұл ретте қазақ-өзбек шекарасындағы «Орталық Азия» Халықаралық өнеркәсіп кооперациясы орталығын тезірек іске қосу қажет. Мемлекетаралық кеңес пен Өңіраралық ынтымақтастық форумының қызметінен де елеулі нәтиже күтеміз. Өңірлік кооперацияға зор үміт артамыз. Қазіргі кезде жалпы сомасы 3 миллиард доллардан асатын 70-ке жуық бірлескен жобамыз

бар. Оның аясында 14 мың жұмыс орны ашылады. Біз бұл бағыттағы байланыстарды одан әрі нығайтып, бизнес үшін қолайлы жағдай жасауға әзірміз» деді Президент.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев көлік-транзит артықшылықтарын барынша тиімді пайдалану маңызды екенін айтты. Бұл ретте Мемлекет басшысы тарифтерді оңтайландыру, әкімшілік рәсімдерді жеңілдету және жүк жеткізу мерзімін қысқарту жөнінде бірлескен шаралар қабылдау қажет екеніне назар аударды. Бұдан бөлек, Мемлекетаралық кеңес отырысы барысында траншекаралық өзендердің су ресурстарын кешенді әрі рационалды пайдалану, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты нығайту мәселелері қозғалды.

Өз кезегінде Өзбекстан Президенті Қазақстанға жасаған бұл жолғы мемлекеттік сапарының нәтижесінде стратегиялық серіктестік пен одақтастық мүлдем жаңа деңгейге көтерілетініне сенім білдірді. «Бүгін біз Жоғары мемлекетаралық кеңестің бірін-

ші отырысын ашып отырмыз. Бұл, шын мәнінде, екіжақты қатынастар тарихындағы айтулы оқиға. Бүгінгі келіссөздер біздің нақты бағыттар бойынша ынтымақтастығымызды одан әрі кеңейтуге, сондай-ақ достас әрі бауырлас халықтарымыздың өсіп-өркендеуіне ықпал ететініне сенімдімін» деді Шавкат Мирзиёев.

Өзбек елі басшысының айтуынша, сапар алдында Мемлекетаралық комиссияның отырысы, Бизнес форум және бірқатар мәдени іс-шаралар өтті. 2034 жылға дейінгі Стратегиялық әріптестік пен одақтастық бағдарламасы әзірленді. Сыртқы саясат ведомстволары басшыларының жетекшілігімен кеңес құрылып жатыр. Мұның бәрі екіжақты ықпалдастықтың нығаюына оң септігін тигізеді.

Кеңес барысында тараптар екі елдің парламенттері, үкіметтері, сыртқы саясат ведомствосы және салалық министрліктері арасындағы байланыстарды арттыра түсу маңызды екеніне назар аударды. Сондай-ақ халықаралық және өңірлік

құрылымдар, соның ішінде БҰҰ, Дүниежүзілік сауда ұйымы, Орталық Азия мемлекеттері басшыларының консультативтік кездесулері және «Орталық Азия плюс» форматы аясында бір-біріне қолдау білдіруге уағдаласты.

Жиында Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Серік Жұманғарин, Өзбекстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Жамшид Ходжаев, Қазақстан Республикасының Көлік министрі Марат Қарабаев, Өзбекстан Республикасының Көлік министрі Илхом Макхамов, Қазақстан Республикасының Энергетика министрі Алма-садам Сәтқалиев, Өзбекстан Республикасының Энергетика министрі Журабек Мирзамамудов, Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов, Өзбекстан Республикасының Су шаруашылығы министрі Шавкат Хамраев, Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Өзбекстан Республикасының Мәдениет министрі Озодбек Назарбеков, Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Өзбекстан Республикасының Жоғары білім, ғылым және инновация министрі Конгратбай Шарипов баяндама жасады. Кеңес отырысының қорытындысы бойынша бірқатар шешімге қол қойылды.

«АЛТЫН ҚЫРАН» ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Президентіне Қазақстан Республикасының ең жоғары мемлекеттік наградасы – «Алтын Қыран» орденін табыс етті. Мемлекет басшысы Қазақстанда Шавкат Мирзиёевті Өзбек елінің нағыз көшбасшысы, халықаралық деңгейдегі саясаткер, екі халық арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға өлшеусіз үлес қосқан көрнекті мемлекет қайраткері ретінде танытынын және құрметтейтінін айтты.

«Егемен ел ретінде даму

жылдарында екі мемлекет арасында жан-жақты серіктестік пен стратегиялық одақтастық жолға қойылды. Берік шарттық-құқықтық база қалыптасты. Шекараны толықтай шегендеп алдық. Өзара сенімді саяси диалогтың арқасында біз сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыстарды қарқынды түрде ілгерілетіп келеміз. Негізгі халықаралық құрылымдар арасында тығыз ықпалдастық орнаттық. Бір сөзбен айтқанда, қазіргі қазақ-өзбек қатынастары үлгі етуге тұрарлық әрі нағыз бауырластық деңгейде» деді Президент.

Шавкат Мирзиёев өзін Қазақстанның ең жоғарғы мемлекеттік наградасымен марапаттағаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаев пен бауырлас қазақ халқына ризашылығын білдірді. «Бұл марапатты екі халық арасында ғасырлар бойы жалғасқан шынайы достық және тату көршілік қатынастарды арттыруға қосқан бірлескен күш-жігерімізге берілген лайықты баға деп санаймын. Қазақстан біздің ең жақын, сенімді әрі уақыт сынынан өткен серіктесіміз» деді Шавкат Мирзиёев.

БІРҚАТАР НЫСАННЫҢ АШЫЛУЫНА ҚАТЫСТЫ

Ақордада бейнебайланыс режимінде Қазақстан мен Өзбекстан президенттерінің қатысуымен Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің Шыршық қаласындағы филиалының, сондай-ақ «Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері институты» Ұлттық зерттеу университетінің Алматы қаласындағы филиалының ресми ашылу салтанаты өтті.

Мемлекеттер басшыларына жаңа филиалдардың қызметі туралы бейнеролик көрсетілді. Іс-шара барысында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек пен Өзбекстанның Білім министрі Конгратбай Шарипов екі елдің ғылым-білім саласындағы ынтымақтастығы жөнінде баяндама жасады. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев университеттер филиалдарын ашуға рұқсат берді.

Бұдан соң президенттер Қытай – Қазақстан – Өзбекстан бағытындағы контейнерлік пойыздың Сианьнан Ташкентке келуіне орай ұйымдастырылған салтанатты іс-шараға қатысты. Қазақстанның Көлік министрі Марат Қарабаев пен Өзбекстанның Көлік министрі Илхом Макхамов екі елдің көлік-транзит мүмкіндіктерін кеңейту бағытында жүргізілген бірлескен жұмыстар туралы баяндады.

Биылғы сәуір айында Хиуа қаласында Қытай – Қазақстан – Өзбекстан бағытында жүк тасымалын ұйымдастыру және Транс-Ауған бағытын дамыту бойынша уағдаластықтарға қол жеткізілген болатын. Соның шеңберінде жүктерді жеткізу мерзімі қысқарды. Контейнерлі пойыз 4486 шақырым жолды 5 тәуліктің ішінде жүріп өтті. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Жүк пойызы Сиань қаласындағы порттан Қазақстан аумағы арқылы Ташкентке жөнелтілді.

Еліміздің Қытайдағы терминалдарының мүмкіндіктерін пайдалану және Қазақстан мен Өзбекстанның теміржол әкімшіліктерінің шекара маңындағы инфрақұрылымды

ЖАҢА ДЕНҒЕЙГЕ КӨТЕРІЛДІ

нығайту бойынша нәтижелі ынтымақтастығы тасымалдау мерзімін қысқартуға ықпал етті. Былтыр екі ел арасындағы жүк тасымалының көлемі 31 миллион тоннадан асып, 2022 жылмен салыстырғанда 17,2 пайызға ұлғайды.

БАҚ ӨКІЛДЕРІ ҮШІН БРИФИНГ ӨТКІЗДІ

Шағын құрамдағы келіссөз бен Мемлекетаралық кеңес отырысынан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін бірлескен мәлімдеме жасады. Президент Өзбекстан басшысының мемлекеттік сапарын екі елдің ынтымақтастығын нығайту жолындағы маңызды қадам ретінде бағалап, Қазақстан мен Өзбекстанның ежелден іргесі бөлінбеген ағайын ел екенін атап өтті. «Бүгін біз өзара қолдау және сенім рухында нәтижелі келіссөздер жүргіздік. Қарым-қатынасымызды жандандыруға мүдделі екенімізді тағы да атап өттік. Сондай-ақ Стратегиялық әріптестікті және одақтастықты дамыту бағдарламасын қабылдадық. Бұл құжат алдағы он жылға арналған. Басты мақсат – достығымызды арттырып, сан түрлі саладағы тиімді байланысты дамытуға тың серпін беру. Сапар аясында Жоғары мемлекетаралық кеңестің алғашқы отырысы өтті. Онда қабылданған шешімдердің стратегиялық маңызы өте зор. Кеңес барысында қазақ-өзбек ынтымақтастығының өзекті мәселелері жөнінде пікір алмастық. Өзара серіктестікті нығайта түсудің тиімді жолдарын айқындадық. Нақты келісімдерге қол жеткіздік» деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Өзбекстанның Орталық Азиядағы сауда-саттық бойынша ең ірі серіктестер екеніне назар аударып, өзара тауар айналымын таяу арада 5 миллиард, кейін 10 миллиард долларға дейін жеткізуді мақсат етіп қойғанын айтты. «Ол үшін алыс-берістегі тауар түрін көбейтуіміз керек. Сондай-ақ экономикалық ықпалдастықты тежейтін кедергілерді жою қажет. Жалпы, сауда-саттықтың ауқымын кеңейтуге екі елдің де мүмкіндігі мол. Қазірдің өзінде Өзбекстанға шығартын экспортты 550 миллион долларға арттыра аламыз, яғни өңделген тауардың тағы 40 түрі бойынша экспорт жасауға мүмкіндік бар. Өзбек елі де Қазақстанға көптеген өнімдерін жіберіп отыр. Бұдан бөлек, ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық мәселесін талқыладық. Былтыр осы саладағы тауар айналымы 1,7 миллиард долларға жетті. Бұл – жалпы сауда-саттықтың шамамен үштен бір бөлігі деген сөз. Еліміз әлеуметтік маңызы жоғары агроөнеркәсіп өнімдерін Өзбекстаннан импорттауға мүдделі. Сонымен қатар Өзбек еліне ұн, бидай және өзге де азық-түлік өнімдерін экспорттауды жалғастыра береміз» деді Мемлекет басшысы.

Президент өнеркәсіп саласындағы жаңа әрі ауқымды жобаларды қолға алу мәселесіне айрықша мән берілгеніне тоқталды. «Қазір жалпы құны 73 миллиард доллардан асатын 70-ке жуық жоба бар. Машина жасау, металлургия, автокөлік құрастыру, тұрмыстық техника өндіру, тоқыма өнеркәсібі,

фармацевтика және басқа да бағыттағы жобалар табысты іске асырылып жатыр. Мұның бәрі екі елге 14 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Энергетика, коммуникация, ғарыштық технологиялар, цифрландыру сияқты салалардың әлеуеті мол.

ынтымақтастық форумын өткізу жоспарланып отыр» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, екіжақты келіссөз барысында талқыланған тағы бір маңызды тақырыптың бірі – көлік-логистика саласындағы ынтымақтастық. «Бағытын

қарым-қатынас орнаған. Мемлекетаралық су шаруашылығы құрылымдары арнайы кестеге сәйкес жұмыс істеп тұр. Біз бұл бағыттағы бірлескен жұмысты жалғастыра береміз» деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент мәдени-гуманитарлық, ғылым

институтының филиалы өз жұмысын бастады. Жаңа біз осы оқу орындарын салтанатты түрде аштық. Мұның бәрі бауырлас екі халықтың ортақ игілігі үшін жасалып жатыр» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Шавкат Мирзиёев бірлескен жүйелі

ӨЛІШЕР НАУАИ ЕСКЕРТКІШІН АШТЫ

Мемлекет басшысы елорда төрінде ұлы ақын, көрнекті ойшыл Әлішер Науаидың еңселі ескерткішінің бой көтеруі, ең алдымен, қазақ жұртының өзбек халқына деген ерекше ықыласының белгісі екенін айтты. «Біз – ежелден еншісі бөлінбеген ағайын елміз. Жұртымызды біріктіретін ортақ құндылықтар көп. Тарихымыз бен тіліміз – тамырлас, дініміз – ортақ. Екі ел арасындағы бауырластық байланыстың өзіндік дәстүрі қалыптасқан. Бұл ретте Әлішер Науаидың алатын орны ерекше. Мұхтар Әуезов «Әлішер Науаи жалғыз өзбек әдебиетінің көлемінде қалған жоқ. Бертін келе Азиядағы, Шығыстағы көп елдің әдебиетіне әсер етті» деген. Біз ұлы ақынның мұрасын күллі түркі жұртының рухани қазынасы деп санаймыз» деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы түркі әдебиетінің көкжиегін кеңейтіп, оны әлемдік деңгейге көтерген Әлішер Науаидың туындылары мен еңбектерін қазақ халқының көрнекті қайраткерлері жоғары бағалағанын жеткізді. «Біз Шоқан Уәлихановтың Әлішер Науаи шығармашылығын алғаш зерттеушілердің бірі болғанын мақтан тұтамыз. Ал ұлы Абай оны өзіне ұстаз санаған. Әлішер Науаидың өзіне тән қолтанбасы, ойының тереңдігі және көркемдік шеберлігі күллі әлем ақындары мен жазушыларына шабыт сыйлады. Бұл үрдіс әлі де жалғасып келеді. Науаи соңында әдеби ғана емес, бай философиялық мұра қалдырды. Оның гуманистік идеялары әлемнің ақыл-ой қазынасында ерекше орын алады. Ойшылдың дүниетанымы мен терең көзқарасын айшықтайтын трактаттары осы уақытқа дейін өзектілігін жойған жоқ» деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев Әлішер Науаидың тарихта талантты мемлекет қайраткері, ғылым мен өнердің қолдаушысы ретінде қалғанын атап өтті. Сонымен қатар ол өзінің зор абайор-беделін білім мен мәдениетті насихаттауға жұмсап, көптеген медреселер мен кітапханалардың салынуына ұйытқы болғанын айтты.

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, бұл ескерткіш түбі бір түркі жұртының ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан бауырластығын сипаттайтынын, осы сабақтастықты сақтап, нығайта түсу баршамызға ортақ міндет екенін атап өтті.

Өз кезегінде Шавкат Мирзиёев Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қазақстан халқына алғыс айтып, ұлы ойшылдың шығармашылығы ортақ қазына деп бағалады. «Өзбек пен қазақ туысқан халық. Екі елдің тарихы, мәдениеті, салты мен дәстүрі бір. Біз мұны қастер тұтамыз. Қазақтың көрнекті ақыны, марқұм Несіпбек Айтұлы 2020 жылы Әлішер Науаидың ең басты еңбегі «Хамсаны» қазақ тіліне аударып, жарыққа шығарғанын ерекше ықыласпен айтқым келеді. Ал бұл шығарманың алғысөзін Қазақстан Президентінің өзі жазғаны бізге зор қуаныш сыйлайды» деді Өзбек елінің басшысы.

Салтанатты іс-шараға Қазақстан мен Өзбекстанның ресми делегация мүшелері, сондай-ақ екі елдің зиялы қауым өкілдері қатысты.



Біз осы бағыттағы серіктестікті нығайтуға баса назар аударып отырмыз. Кеше Астанада бизнес форум және Іскерлік кеңестің алтыншы отырысы өтті. Онда кәсіпкерлеріміз ірі коммерциялық келісім-шарттарға және өзге де құжаттарға қол қойды. Үкіметтеріміз бірлескен кәсіп-

және Солтүстік – Оңтүстік дәлізін тиімді пайдалану жайын талқыладық. Сондай-ақ Ауғанстан арқылы өтетін теміржол құрылысы аясында бірлескен жобаларды іске асыру туралы пікір алмастық. Шекарада жаңа өткізу бекеттерін ашу мәселесін пысықтадық. Жалпы, осы

білім салаларындағы ынтымақтастық тақырыбына арнайы тоқталды. «Жастарды жақындата түсетін маңызды бастамаларды талқыладық. Жыл сайын екі ел жастарының конгресін өткізу дәстүрге айналған. Қазір Қазақстанда Өзбекстаннан келген алты мыңға жуық студент

және практикалық шаралардың нәтижесінде Қазақстан мен Өзбекстан өзара ынтымақтастығын одақтастық деңгейіне шығарғанын атап өтті. Келіссөздер қорытындысы бойынша сауда, өнеркәсіптік кооперация, энергетика, көлік, ауыл және су шаруашылығы, мәдениет салаларындағы байланыстарды одан әрі кеңейту жөнінде нақты уағдаластықтарға қол жеткізілді. «Өзара ықпалдастығымыздың маңызды бағыттарының бірі саналатын өңіраралық байланыстарды жандандыру жөнінде келістік. Қазіргі Аймақаралық ынтымақтастық форумын елдеріміздің барлық облысын тарта отырып, Өңір басшыларының кеңесі ретінде қайта құрылымдау туралы бастама көтерілді. Таяу келеште өзара тауар айналымын ұлғайтуды көздейтін Кешенді бағдарлама қабылданады. Екі елдің әлеуеті зор» деді Шавкат Мирзиёев.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев нақты 3 құжатқа қол қойды. Ол – Қазақстан Республикасы Президенті мен Өзбекстан Республикасы Президентінің Бірлескен мәлімдемесі; Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы Жоғары мемлекетаралық кеңесінің қазақ-өзбек екіжақты ынтымақтастығын одан әрі дамыту жөніндегі шешімі; Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы Жоғары мемлекетаралық кеңесінің Сыртқы істер министрлері кеңесі туралы ережені бекіту жөніндегі шешімі. Сонымен қатар Өзбекстан Президентінің елімізге мемлекеттік сапары аясында маңызды 12 құжатқа қол қойылды. Соның ішінде Астана қаласы әкімдігі мен Ташкент қаласының хокимияты арасындағы 2025-2026 жылдарға арналған сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі нақты іс-шаралар жоспары («Жол картасы») да бар.



орындардың табысты жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасауы керек. Сондай-ақ аймақаралық байланыстың әлеуетін тиімді пайдалану аса маңызды. Қарым-қатынасты нығайтуға аймақтар арасында жасалған келісімдер де едәуір ықпал етеді. Осы ретте, жылдың соңына дейін кезекті Аймақаралық

бағыттағы ықпалдастық өзара сауда-саттыққа тың серпін береді деп ойлаймыз» деді Президент.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев су-энергетика саласындағы жұмысты үйлестіру мәселесіне қатысты пікір білдірді. «Қазір екі елдің жауапты ведомстволары арасында тығыз

оқып жатыр. Қазақ жастары да Өзбекстанның жоғары оқу орындарында білім алып жүр. Бүгін Өзбекстанның Шыршық қаласында Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің филиалы ашылды. Алматыда Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері

500 ЭКСПОНАТ САҚТАЛҒАН



Ташкент, Самарқанд және Бұхара мұражайларында қазақтардың өміріне байланысты 500-ге жуық экспонат сақталған. Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.

«Елордада Ташкент қаласының мәдениет күндері аясында шығармашылық ұжымдардың, өзбек эстрадасының жұлдыздарының қойылымдары, өзбек асханасының тағамдарын дайындау көрсетілімі өтті. Елорда тұрғындары мен қонақтарына Ташкент қаласының туристік мүмкіндіктері таныстырылады, ұлттық өнер және қолөнер көрмелері жоспарланған. Ғылыми

байланыстарды дамытуда ынтымақтастықтың үлкен әлеуеті бар. 1998 жылдың қазан айында Астана әкімдігі мен Ташкент хокимияты арасында сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды, ал 2016 жылы елордаларымыз бауырлас қалаларға айналды» деп жазды әлеуметтік желіде Ерлан Каналимов.



АҚЫН МҰРАСЫ – ҚАЗАҚҚА АМАНАТ



Астана қаласының Білім басқармасы және Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығының» ұйымдастыруымен №79 «Шабыт» балабақшасында «Абай аманаты – қазаққа аманат» атты мерекелік іс-шара өтті.

Шапағат ӘБДІР

Аталған жиын Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай және алдағы Абай күніне арналды. Мерекеде Абай өмірінен қойылым қойылып, балабақша тәрбиеленушілеріне «Әжелер мектебі» жұмысы аясында Абайдың мысалдары

оқылып, көлеңкелі театр ұйымдастырылды. Сонымен қатар, «Абай әлемі» атты көрме өтіп, балабақша тәрбиеленушілерімен «Ұлттық ойын жаршысы» атты ұлттық ойындар жарысы өткізілді.

Ал балабақша тәрбиеленушілері Абай Құнанбайұлының өлеңдерін оқып өзара сынға түссе, балабақша педагогтары «Болмасаң да ұқсап

бақ» атты Абай өмірі мен шығармашылығы аясында зияткерлік сайысқа қатысты.

– Абайды дәріптеу, оның ілімін өскелең ұрпаққа үйрету – біздің борышымыз. Өйткені Абай – тұтас ұлтымыздың айнасы. Ол – мәңгілік ақыл-ойдың қазығы. Сол себепті біз Абайды ұдайы дәріптеп, оны жастарға оқыта беруіміз керек. Бұл біздің отанымыздың келешегі, ұлтымыздың бірегейлігі үшін де керек, – дейді №79 «Шабыт» балабақшасының әдіскері Айгерім Сұлтанғазина.

Іс-шара соңында қатысушылар Алғыс хаттармен марапатталды.

АДАМЗАТТЫҢ АБАЙЫ

Кеше Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада Абай күніне орай «Адамзаттың Абайы» атты рухани іс-шара өтті.



Белгілі қоғам және мемлекет қайраткерлері, абайтанушы ғалымдар, ақын-жазушылар, Қазақстандағы дипломатиялық елшіліктер өкілдері, кітапханашылар, оқырмандар қатысып, ұлы ойшылдың тұлғасы мен мұрасын ұлықтау мақсатында ұйымдастырылған іс-шара аясында «Абай – тұтас бір әлем» атты кітап көрмесі, жазушы Қалибек Алтыбаевтың «Абай әлеміне саяхат» кітабының таныстырылымы, «Абайтанудың заманауи дамуы жайында» атты ғылыми дәріс, «Бала Абай» атты сторителлинг, «Абай өлеңдері әлем тілдерінде» атты шет тілдерінде ақынның өлеңдерін оқу шаралары ұйымдастырылды. Қазақтың қасиетті қазынасы – Абай мұрасы жан-жақты насихатталып, әндері орындалды.

Астана қаласы Есіл аудандық Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында «Таным» атты еріктілер-зияткерлік топ мүшелері ұйымдастырған «Абай дана, Абай дара қазақта» дөңгелек үстел отырысы өтті.

«ТАНЫМНЫҢ» ТАҒЫЛЫМЫ



Ұлыларды ұлықтауға үлес қосу мақсатымен өткен аталмыш іс-шараға орталық зейнеткерлерімен бірге Есіл аудандық Ардагерлер кеңесі де атсалысты. Абай өмірі туралы,

оның шығармашылығы, аудармалары және әндеріне талдау жасалды. «Таным» жетекшісі Гүлжамила Қонақбаева бастаған топ мүшелері белсенділік танытты.

ВАНДАЛИЗМГЕ ҚАРСЫ ШАРА ӨТТІ

Астанада Жастар күніне орай және «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында вандализмге қарсы акция өтті.

Шапағат ӘБДІР

Акцияны Астана қаласы әкімдігінің «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы, Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасы қолдап, Сарыарқа ауданы әкімдігінің аппараты, Жергілікті полиция қызметі басқармасы, қалалық Полиция департаменті есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы бірлесіп өткізді.

Ұйымдастырушылар вандализм әрекеттерінің алдын алып, есірткіге қарсы тұру, қауіпсіз қоғам құрудың алғы шарты екендігін, әрі қоршаған ортаны таза ұстау қоғам алдындағы ортақ міндетіміз деп білетінін айтты.

– Вандализм – бұл қоғамның мүлікке зияны ғана емес, сонымен қатар тұрғындардың қауіпсіздігі мен жайлылығына қауіп төндіреді. Сон-

дықтан да мұндайға жол бермей, одан келетін зиянға немқұрайлы қарамауымыз керек. Әрі қоршаған орта мен ортақ құндылықтарымызды қоғам болып бірге қорғауымыз керек. Бүгінгі акцияның негізгі мақсаты да – жастарды есірткіден аулақ болуға үндеу, түрлі ғимарат қабырғалары мен ескерткіштердің сыртына жазылған жазуларды өшіру, сол арқылы қоғамдық мүліктің бүлінуіне жол бермеу, сондай-ақ азаматтардың санасы мен жауапкершілігін аттыру. Вандализм мәселесіне қоғамның назарын аудару және осы құбылысқа қарсы күресте азаматтық қоғамды белсендіру, – дейді Астана жастары ЖРО Neet санаттағы жастармен жұмыс бөлімінің маманы Сұлтан Өмірғалиев.

Іс-шара барысында орындықтар мен ғимарат қабырғаларына жазылған құпия телеграм арналарының адресстері, жағымсыз жарнама жазулары боялып өшірілді.



АСТАНА ҚАЛАСЫ ХАЛҚЫНЫҢ НАЗАРЫНА! ҚҰРМЕТТІ ЕЛОРДА ТҰРҒЫНДАРЫ!

Астана қаласының мәслихаты 2024 жылғы қыркүйектің екінші онкүнінде «Астана қаласында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудағы өзекті мәселелер, оларды шешудің мүмкін жолдары» тақырыбында көпшілік тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Кезекті сессияның қарауына енгізілетін мәселе бойынша Сіздердің ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңызды Астана қаласы мәслихатының аппаратына 55-66-37, 55-66-31 телефондары бойынша және электрондық пошта арқылы хабарлауды сұраймыз: astana@maslihat01.kz.

Е. КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі, ХХІ ғасырдағы Жаңа Қазақстандағы осындай биіктерге жетелейді» деді.

Абайдың философиялық толғаулары – өмірге өзінше қарау, адамның тіршіліктегі позициясын айқындау. Абайдың ойлы поэзиясы – этикалық бағдар мен тағлым биігін көрсетеді. Ақын санасы, бір ортаға адамгершілік бірлігін іздеуге ұмтылған, сол арқылы ақын өмір сырын ұғынуға шақырады. Абайға керегі – адам, адамның рухани болмысы мен адамгершілік қасиеті. Кемеңгер Абайдың поэтикасы – адамның ішкі дүниесімен қауышу, адам мен адамның жүрек жалғастырған, өзара татулығын арттыру. Абай халқын оянуға, жан тірлігіне, ұлттық намысқа, үздіксіз рухани еңбекке шақырады. Ақынның сөзі мен ісі бір жерден шығады. Айтылған сөз, атқарылған іс болып қабылдану керек. Тек осылай ғана, адам жанын тазалық пен бірлікке тәрбиелеуге болатынын айтты. Ақын жырының өткірлігі, қазақ даласында алмас қылыштан да асып кеткен және бүгінгі күнге дейін өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Шығыстың ақылы мен Батыстың озық ойлы идеясын, Абайдай зерделеп, өзінің ақындық өнеріне мұрат еткен қазақ ақыны болған емес. Даланың дана ақыны Абай, Шығыс пен Батыс поэзиясының суреткерлік ерекшеліктерінің басын құрап, аса терең мағыналы гуманистік Шығыс-Батыс синтезін ашты.

Осыдан 120 жыл бұрын 1904 жылы маусымның 23-жұлдызында Семей уезінің болысында (Шыңғыстауда) даланың сүйікті ақыны Абай Құнанбаев дүние салды. Негізгі хатқа түскен аты Ибраһим (Авраам) болса да, қазақ даласы шешесінің еркелетіп қойған нәзік те үнді есімімен Абай деп атап кеткендіктен, біз де солай қолданамыз. Абай әке жағынан алғанда Тобықты руының белгілі шонжары мен биінен тарайды. Ақынның бабасы, Тобықтының батыр биі Ырғызбай Торғай облысындағы Ырғыз өзенінің бойында ХVІІ ғасырдың елуінші жылдарында

ҰЛЫ ОЙШЫЛДЫҢ ТАҒЫЛЫМЫ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық. Жалпы, өмірдің қай саласында да, Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз.



дүниеге келген. Ат төбеліндей көсемнің бірі ретінде ол Тобықты руын аса құнарлы жайылымы мол Шыңғыс тауына көшіріп әкеледі. Абайдың атасы Өскенбай дала халқына әділ би ретінде танылды. Оған басқа рулардың қазақтары да жүгініп, дауларын шешкізді. Абайдың әкесі Құнанбай да басқа рудың қазақтарына өктемдік жүргізген, оны тек қана төре тұқымдарының сұлтандарына ғана тән лауазым – Қарқаралы округінің аға сұлтаны болып сайлануы дәлелдейді. Құнанбай өмірінің соңында Меккеге ба-

рып, одан қайтып оралған соң ел билігінен бойын аулақ салады. Мұның өзі де Құнанбайдың беделін өсіре түседі.

Құнанбай отбасындағы діни пікірлер мен ғұрыптар, әке үстемдігінің күші Абайдың ислам әдет-ғұрыптарының бүркеншік қасиеттерін сезінуге жол ашты. Абай отыз жасында барымтаны жойып, өзге рудың байлары мен туыскандық пен достыққа ұмтылған, жауларын сескенетін беделді қазақ атанады. Абай өзінің барлық қабілеті мен білімінің арқасында қазақтардың билік тартысы арасында басты

тізгін ұстаушы болды. Абай өз отанының сом алтыны еді. Дауға да, партия таласында да әділ төрелік айтты. Абай он төрт жасынан бастап сықақ өлеңдер шығарды. Ол жастар арасында кең таралғанымен, оған онша мән бермеді. Негізінде дала атқамінерлерінің «ақын» деген атты иемденуден қашқаны әсер етсе керек. Қазақ сұлтандары өздерінің арасынан бақсы мен ақын шықпағанын мақтанышпен айтатын. Кейін ақындық жолға түскен Абай қазақ ақындарын өнерді байдан мал қалап алуға жұмсағанын сынап, өлеңшісі-

мақтардан өзін аулақ ұстады.

Сол 1875-1880 жылдары Абай өзінің руластарының «домалақ арызынан» кейін, тергеу бірнеше жылға созылып, көп жыл бойы Семей қаласында тұруға мәжбүр болады. Сол кезде Абай уақытын босқа өткізбей, қаланың алдыңғы қатарлы, білімді де прогрессивті ортасында болып, көп уақытын Семей қаласының кітапхана-сында өткізген. Осыдан барып, білім-ғылымға деген құштарлығы артады. Адам өмірін басқа көзқараспен қарай бастайды.

Егер 1880-жылдары өмір, өлең туралы көзқарасын мүлдем өзгертіпегенде, өзінің ұлы дарынын көрсете алмай дүние салған болар еді. Сол жылдары «Қазақтардың заңдық әдет-ғұрпы» туралы қырдан дерек жинап, кейін Маковецкий және Михаэлис мырзаның редакциясымен жарық көрген кітапшаға материал іздестіріп жүрген саяси жер аударылушы Гросс мырзамен танысты. Гросс пен Михаэлис екеуі де Абай ауылында қонақта болып, оны орыс әдебиетімен таныстырды.

1913 жылы «Қазақ» газетінің № 39-41 сандарына сол газеттің редакторы болған Ахмет Байтұрсынов «Қазақтың бас ақыны» атты көлемді мақала жариялаған болатын. Тіпті, бұл мақаланың өзі қазақтың бас ақыны туралы жазылған алғашқы кең көлемді мақала еді. Жалпы, Абайды елге кеңінен танытудың, зерттеудің, абайтанудың басында осы алаштықтар тұрды.

Мұрағат құжаттары ұлы Абайға байланысты бірнеше тың деректерді жарыққа шығарды. Атап айтқанда, Абайдың үш әйелінен жиырма баласы болған. Балаларының бәріне өзі білім берген. Тек ұлдары емес, қыздары да орысша оқып, жаза білген. Өзі де білім-ғылыммен терең түрде айналысқан. Кітап, газет-журналдар жаздыртып алып отырған. Ауқатты тұрмыс құрып, бір мың жылқысы мен екі мың қойы болған.

Ұлы Абайды Патша шенеу-

ліктері халық арасында көп жыл бойы патша өкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізеді деп сезіктеніп, оның жүріс-тұрысын аңдып, құпия тексеріс жүргізіп отырған.

Абайға байланысты мұрағат құжаттары, бұрынғы абайтанушылардың Абай ешқандай да билік қызметтер атқармаған, тек қана шығармашылықпен айналысқан деген жансақ пікірлері әдебиет пен бұқара ақпараттарда кең таралған болатын. Бұл пікір Кеңес өкіметінің саясаты бойынша таралып, Абайды тек бұқара халықтан шыққан ақын қылып көрсету үшін қолдан жасалған пікірлер деп тұжырым жасауға болады. Адам өмірін басқа көзқараспен қарай бастайды. 1885 жылы Семей қаласынан 70 шақырым, Шар өзенінің жағасында, Қарамола деген жерде Павлодар, Қарқаралы, Семей және Өскемен уездерінің билерінің съезінде, Семей уезінің Шыңғыс болысының бірі ретінде қатысқан Абай төбе би және съездің төрағасы болып сайланады. Осы съезде Абайдың жетекшілігімен, 96 баптан тұратын «Қарамола заңдары» деген атпен елімізге белгілі, сол заманға сәйкес әдет-ғұрып заңдары қабылданады. Заңды қабылдауға 40 болыстың беделді билері қатысқан. «Қарамола заңдары» Қазан қаласында қазақ және өзбек тілдерінде жарық көрген және Кеңес заманына дейін қазақ даласында кең көлемде қолданылған.

Ал Абайдың адам мен қоғам, білім мен ғылым, дін мен дәстүр, табиғат пен қоршаған орта, мемлекет мен билік, тіл мен қарым-қатынас туралы ой-тұжырымдары, ғасырлар өтсе де өз маңызын жоғалтпақ емес. Өйткені ақынның мұрасы – бүкіл қазақ халқының рухани азығы.

Сондықтан біз Абайды ұлтымыздың мақтанышы ретінде насихаттаудың бір амалы, ойшылдың ақылын алып, айтқанын істесек, Алаштың темірқазығы – ұлы ақынды дүние жүзіне паш ете аламыз!

Жұмағұл ШӨЖЕНОВ,
өлкетанушы,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

АБАЙ – АДАМЗАТТЫҢ АҚЫНЫ

Абай күні белгіленгеннен бастап бірнеше жыл көлемінде қарқынды аталып келе жатыр. Бұл бізді қуанытып, халқымыздың рухын асқақтататын, Абайды құрмет тұтатын, Абайдан үлгі алатын жас ұрпақты дұрыс бағыт-бағдарға бағыттайтын, тәрбиелейтін үлкен бір іс-шара, мереке болып отыр.

Бірнеше жыл бұрын Ләйлім Ерланқызы деген кішкентай қыз себеп болып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзі бастап Абай күніне орай челлендж жолдады. Бұған бүкіл Қазақстан бойынша қаушамна ұйым, белгілі азаматтар үн қосты. Мұны өте тағылымды шара деп санаймын. Себебі қазір Абайдың атын айтамыз, бірақ шығармаларын, өлеңдеріндегі терең ойлы философияны, ұлттың болашағына қажет, жастардың кемел адам болып қалыптасуына әсерін тигізетін туындыларын оқыту кемшін түсіп жатады. Басқаша айтқанда, кейбір жастар Абайдың атын білгенімен, шығармаларын білмейді. Сондықтан өлеңдерін насихаттау керек.

Абайдың «Толық адам» деген тұжырымдамасы бар, соның ішінде бәрі қамтылған. Абай тек қазақтың ғана емес, бүкіл әлемнің, адамзаттың ақыны деп айтуға болады. Себебі «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деп Абайдың өзі де айтып тұр. Яғни, Абай адамзаттық деңгейде ойлаған ақын.

Абай үш арнадан тәлім алған. Біріншісі – өзіміздің даламыздағы Ұлы дала әдебиеті мен мәдениеті, қазақ халқының жыр-аулары, өзіміздің фольклор, жыр-дастандары, бұл – Абайдың алдындағы қазақтың ақындық поэзиясы мен жыраулықты қалыптастырған Дулат, Шортанбай, Мұрат, Әбубәкір, Махамбет, Нысанбай жырау мұралары, басқа да қазақтың сөз өнеріне, патша-өлеңге тыңнан түрең салған ақындар. Осылардың барлығы Абайға әсер етті. Абайдың айналасындағы шығыс өңіріндегі үлкен ақындық орта болған. Бұл – Сыбанның он жеті ақыны, Шыңғыстау аймағындағы ақындық мектеп, Кеңгірбай би бастаған билік мектебі. Зере әжеміздің зерделі әңгімелері Абайды тәрбиелеген. ХІХ ғасырда Семей дамыған мәдени-рухани орталық еді. Абай Омбы, басқа да жақындағы қалалардан кітаптарды алдырып оқыды. Семейдің де үлкен кітапханасы болды. Сол кезде шыққан «Дала уалаяты», «Түркістан уалаяты» секілді газеттерді оқып отырды.

Абай медреседе оқыды. Сонда шығыстың қиссаларымен, шығыстың рубаяттарымен, шығыс шайырларының



бәрінің мұраларымен танысты. Сол арқылы шығыс әлемі мәдениетін де жақсы меңгерді. Өзінің өлеңдерінде Науаи, Низами, Сағди, Шамси, Сайхали, Физули есімдері аталады. Атақты Гете мойындаған шығыстың жеті жұлдызын Абай оқып тауысқан және олардың өлеңдерінен тағылым алған.

Батыс мәдениетіндегі, Еуропадағы атақты ақындар Гете, Байронды, Ресейдің Пушкин, Лермонтов, Толстой секілді әйгілі ақын-жазушыларын, орыс әдебиетіне әсер еткен басқа да қаламгерлерді оқыды. Оқып қана қоймай, белгілі шығармаларын қазақ ұғымына лайықтап аударды. Абайдың бір кереметтігі

әлем әдебиетін оқып, ұлттымыздың ұғымына, ұлттық философиямызға, ұлттық мәдениетімізге сәйкестендіріп жеткізді, өзінің ғұламалық ой-толғамдарын қосып дамытты. Сондықтан Абайды ренессанстық тұлға деп айтамыз. Яғни, қазақ әдебиетінің, қазақ мәдениетінің қайта жаңғыруында, әлемдік деңгейдегі биік белеске көтерілуінде Абайдың рөлі зор. Мұны Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы бастаған Алаш қайраткерлері, Мұхтар Әуезов сынды абайтану арнасын құрған тұлғалардың еңбектерінен, айтып кеткен ойлардан көреміз. Сондықтан жастардың санасына сіңіру үшін барлық бағытта Абай күні мерекесін үлкен деңгейде атап өтуіміз керек.

Абай – ұлттық ғылымымыздың, ұлттық әдебиетіміздің, ұлттық мәдениетіміздің, ұлттық философиямыздың ең биік шыңы, шамшырағы. Абайдың сөзімен, Абайдың өлеңімен рухтанған, соны бойына сіңірген, содан тәлім алған адам ұлтқа шынайы қызмет етеді. Қазір «Әділетті Қазақстан», «Таза Қазақстан» секілді бағдарламаларымыз бар ғой, соның бәрінің басында Абай идеялары тұру керек деп есептеймін.

Серікзат ДҮЙСЕНҒАЗЫ,
Л.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті филология
факультетінің деканы

– Қасымхан Сенғазыұлы, Астана секілді мегаполисте білім беру жүйесін жан-жақты ілгерілету қажет екені белгілі. Саладағы басым бағыттар қандай?

– Соңғы жылдары Астана қаласында білім беру жүйесі қарқынды дамуда. Саладағы басымдық білім сапасын арттыруға бағытталады. Білім беру жүйесіндегі басқарушы құрамның дұрыс болуы, педагогтардың жоғары біліктілігі, оқушыларға жақсы жағдай жасау, ата-ана мен мектеп арасындағы байланыстың жолға қойылуы нәтижесінде білім сапасы деңгейі көтеріледі. Білім саласындағы алға қойып отырған мақсатымыз да – осы. 2023 жылдың қорытындысы бойынша халықаралық PISA және Оқу-ағарту министрлігінің зерттеуі нәтижесінде елордадағы білім беру жүйесі Алматы, Қостанай облысымен қатар үздік үштікке кірді. Бұл жетістік – қаладағы барша мектеп басшылары мен ұстаздардың еңбегі.

Бас қаламызда мемлекеттік 110 мектеп, 100 балабақша, 8 колледж бар.

Сапалы материалдық-техникалық базамен қамту – оқушының білім алуына тиімді жағдай жасау. Соған орай, мектептерде пәндік (физика, химия, робототехника, STEM бағытындағы) кабинеттермен жабдықтау 95 пайызды құрап отыр. Жыл соңына дейін қаланың әр мектебі стандартқа сай пәндік кабинеттермен 100 пайыз қамтылады.

Ата-ана – оқушы – ұстаз үштігі бірге жұмыс істемей, сапаға қол жеткізу қиын. Сондықтан елорда мектептерінде өзара тығыз қарым-қатынасты орнату мақсатында Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы ашылды. Маңызы бар жобаның міндеті – балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуге ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыретін дамыту.

Цифры технологиялар, әлеуметтік желілер бала өміріне деңдеп еніп жатқан уақытта жас буынның бойына ұлттық құндылықтарды кеңінен насихаттау сөзсіз қажет. Білім беру ұйымдары биология, химия, физика, математика пәндерін ұлттық құндылықтармен байланыстыра отырып оқытуға, «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы аясында білім алушылардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге, олардың бойында жалпы адами құндылықтарды тәрбиелеуге, академиялық үлгерімді арттыруға, әлеуметтендіруге, кәсіби бағдарлауға, сыни ойлауды дамытуға басымдық беріп келеді.

Мектепте тамақтануды жақсы ұйымдастыру – уақытының көбін мектепте өткізетін оқушы үшін денсаулығын жақсартудың кепілі. Толыққанды тамақтану көптеген аурудың алдын алып, баланың оқуға үлгерімін, ынтасын дамытуға жақсы әсер етеді. Әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, бастауыш сынып оқушылары үшін тегін тамақтандыру ұйымдастырылған. Тамақтандыру сапасын бақылауды күшейту үшін қаланың әрбір мектебінде сапаны бақылау жөніндегі бракераждық комиссия құрылған (оның құрамына қамқоршылық кеңес мүшелері, директор, медицина қызметкері, әлеуметтік педагог және ата-аналар кіреді (кемінде 10 адам).

– Биыл мектеп табалдырығын қанша бала аттайды? 1-сыныпқа қабылданған балаларды бейімдеу мақсатында қандай іс-шаралар жүзеге асады?

– Жыл сайын баланың саны артып, жылдан-жылға білім алушылар қатары көбейіп келеді. Мәселен, әр жылда бас шаһарда орта есеппен 35 мыңға жуық бала дүниеге келеді. Ол өз кезегінде мемлекет тарапынан білім алатын оқу ошақтарын салуға, мектеп мәртебесін, мектептегі

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЖАҢАЛЫҒЫ ҚАНДАЙ?

Оқу жылының басталуына санаулы ғана апталар қалды. Бүгінде астаналық барлық білім беру мекемелерінде 1-сыныпқа құжат қабылдау жүргізіліп жатыр. Қала колледжерінде жаңа жұмысшы мамандықтары ашылып, студенттерді қабылдау үстінде. Бас шаһарда серпінді дамып келе жатқан білім беру саласының биылғы жаңашылдықтары қандай? Осыған орай, елордадағы үш ауысымды мектептердің хал-ахуалы, жаңа салынып жатқан «Жайлы мектептердің» ерекшеліктері, қала мектептерінің санын арттыру, ұстаздардың біліктілігі, оқушылардың үлгерімі, оларға тәлім-тәрбие беру жөнінде Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан СЕНҒАЗЫЕВПЕН сұхбаттасқан едік.



2 түрде жүзеге асырылып жатыр. Ата-аналар eGov порталымен немесе бұрынғыдай құжаттарын мектепке әкеліп тапсыра алады.

Биылғы ерекшелік, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын бітірген бүлдіршіндердің Ұлттық деректер қорында «баланың жеке даму картасы» толтырылатын болды. 1-сыныпқа қабылданған бала туралы ақпаратты мұғалім аталған карта негізінде біле алады. Әріп тануы, дыбыстарды айтуы, оқи алуы не алмауы, қай пәнге бейім екені туралы мәліметтер қолжетімді болады. Осылайша бастауыш сынып мұғалімдері оқушының әрі қарай қандай қырларын дамыту керегін біледі.

1-сыныпқа қабылданған балаларды бейімдеу мақсатында осы жылы 49 мектептің жанынан қысқа мерзімді «Балақайлар мектебі» ашылды. Мұнда оқушылар 2-3 сағат көлемінде мектепке дайындалады. Бұл жоба 20 балабақшаларда да іске қосылып, бір ай бойы балалар білім алатын болады.

– Оқушылар кітап оқуға қаншалықты ынталы? Жалпы мектептегі оқулықтар саны жеткілікті ме?

– Цифрлы заман демекші, Білім басқармасының алдына қойған негізгі міндетінің бірі – балаларды кітап оқитын ұлтқа айналдыру, олардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру, дүние-

танымын кеңейту, жалпы кітап оқу дағдысын қалыптастыру.

Осы мақсатта «8 минуттық көркем әдебиет оқу» жобасы әзірленген еді. Оқушылар әр ауысымның алдында сабақ басталмас бұрын 8 минут уақытын кітап оқуға арнайды. Оқу жылында олар отандық әдебиет пен әлем әдебиетінің ең озық әрі таңдаулы шығармаларымен танысады.

ету үшін 19 баспадан 1 283 848 дана сатып алу жоспарланған. 3-сынып оқушылары үшін, яғни 23 907 балаға 145 399 дана қайта басылған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер сатып алынды. Сонымен қатар биыл 3-сыныпқа арналған «еңбек оқыту», «бейнелеу өнері», «ағылшын тілі», «француз», «неміс тілі» оқулықтарын баламалы нұсқамен жаңарту жүргізілуде. Астанадағы миграцияға байланысты кітапхана қорын толықтыру үшін 1-11 сынып оқушылары үшін 959 485 дана кітап сатып алынууда. Сондай-ақ мектеп кітапханалары 139 052 дана қайта басылған оқулықтармен толығады. Ал мектепалды даярлық сыныптары үшін 26 413 дана оқулық сатып алынбақ.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған 13 499 дана оқулық пен оқу-әдістемелік кешені дайын. Онда интеллектісі бұзылған балаларға арналған кітаптар, көзі нашар қаріппен және зағип оқушыларға арналған брайль оқулықтары бар. Жаңа оқу жылында 103 қала мектебі «Алматыкітап», «Мектеп» және «Арман ПВ» баспаларынан 1-4 сынып оқушыларына арналған электрондық оқулықтар платформаларына қол жеткізді. Бұл сандық оқулықтар Kundelik.kz білім беру платформасымен біріктірілген. Сонымен қатар 25 тамызға дейін қала оқушыларын оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету жоспарлануда.

– Елордада білім беру саласындағы проблемалардың бірі – оқу орындарының жетіспеуі. Қалада әлі күнге үш ауысымды мектептер жұмыс істеп тұр. Бұл мәселе алдағы уақытта қалай шешілетін?

– Қалада 28 мыңға жуық оқушы орны жетіспейді. Сол себепті 8 мектеп үш ауысымды мектеп режимімен жұмыс істеп жатыр. Оқушы саны шамадан тыс 16 мектеп бар. Бір сыныпта 35-ке тарта оқушының болуы, әрине білім алу процесінде ыңғайсыздық тудырады. Осы мәселені шешу үшін қала әкімдігі 100 мыңға жуық оқушы орнына арналған

32 мектептің құрылысын жүргізіп жатыр. Жыл соңына дейін 21 мектеп қолданысқа берілсе, қыркүйек айынан бастап 12-сі оқушыларды қабылдауға дайын болады. Оның ішінде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 8 мектеп бар. Жалпы аталмыш жоба аясында Астанада 90 мың оқушы орнына арналған 24 мектеп салынып жатыр. Осылайша, орта білім беру ұйымдарындағы апатты объектілер, үш ауысымды оқыту және оқушы орындарының тапшылығын жоюды көздеп отырмыз. «Жайлы мектеп» жобасы балаларға барынша қолайлы жағдай жасаумен айрықша. Мұнда зертханалар, шеберханалар, компьютерлік сыныптар және пән кабинеттері жобаланады. Бір емес, төрт бірдей спорт залдары, бастауыш және жоғары сыныптарға арналған жеке блоктар қарастырылған. Сондықтан биыл жыл соңына дейін 15 «Жайлы мектеп» тапсырылады. Бұл мектептер қаламызда серпінді дамып жатқан Есіл және Нұра аудандарында орналасады.

– Мұғалімдердің біліктілігін арттыру жұмысы қалай іске асып жатыр? Кадр тапшылығы мәселесі бар ма?

– Білім алушылар санының артуына, жаңадан салынып жатқан мектептердің құрылысына байланысты қаламызда кадр тапшылығы мәселесі әлі де бар. Әсіресе, бастауыш сыныптарында орыс тілі пәні мұғалімі, жаратылыстану және өзге де пәндер бойынша 700-ден астам мұғалімге қажеттілік туып отыр.

Сапалы білім, саналы ұлт, білікті жас тәрбиелеу үшін – педагог кадрларды даярлау маңызды. Кадр тапшылығын шешу мақсатында жыл сайын жергілікті бюджет есебінен педагогикалық мамандықтарға мемлекеттік тапсырыс ұлғайтып, қала әкімдігі гранттар бөліп келеді. Соның арқасында түлектер кемінде 3 жыл жұмыс істеуі міндетті. Биыл қала әкімдігі бөлген грант есебінен 365 жас маман жұмысқа кірісті.

Осы орайда, мектеп басшыларының менеджментін дамыту бойынша бірқатар іс-шаралар жүргізілгенін атап өту керек.

2022 жылы 40-тан астам білім беру ұйымдары басшылары ротациядан, оның сыртында Сингапур, Эстония, Финляндия, Еуропа елдерінде арнайы тағылымдамадан өтті. Былтыр 4000-нан аса педагог өңірлік «Өрлеу» орталығының біліктілікті арттыру курстарына қатысты. Қалалық Әдістемелік орталықпен бірлесе, мектепшілік бақылау жүйесінің сапасына көтеруге қатысты іс-шаралар жүргіздік.

– Инклюзивті білім беру бағытындағы жобалар нәтижелі ме?

– Астана қаласында қазіргі қоғамда инклюзивті білім беру сапасын жақсарту, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қалыпта балалармен бірге оқыту мәселесі өзекті. Барлық білім беру ұйымында инклюзивті орта қалыптаспа да, 70 пайызында бар дей аламыз. Қазіргі таңда елордада 28 инклюзивті қолдау кабинеттері бар. Бұл бастама республикада бұрын-соңды болмағанын айтқан жөн. Осы оқу жылы 20-дан астам мектепте инклюзивті қолдау кабинеттерін ашу жоспарда бар. Инклюзивті білім беру орталығы ерекше қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беру үдерісіне тиімді әрі нәтижелі түрде әлеуметтендіруге мүмкіндік береді. Бұл бағытта басты басымдық – балалардың білім алуы үшін инклюзивті білім беру орталықтарын тұрғылықты мекенжайына жақын орналастыру, ата-ана үшін де ауыртпашылық салмай, қолдау көрсету.

– Колледж студенттерін жаңа мамандықтарға оқыту, жатақханамен қамту жұмыстары қандай?

– Жастарға кәсіптік білім беру, оларды жұмысшы мамандықтарына даярлау және біліктілігін көтеру – мемлекетіміздің білім беру саясатының негізгі бағыттарының бірі. Ел экономикасының қуаты кәсіптік білім беру жүйесінің өндіріс орындарын білікті жұмысшылармен жеткілікті қамтамасыз етуіне тікелей тәуелді. Бүгінде қазақстандық колледждерге академиялық дербестік берілген. Яғни, олардың өздері жұмыс берушілермен бірлесіп, білім беру бағдарламаларының мазмұны мен оқу мерзімдерін айқындайды.

Қалада 1200 орыннан астам студенттердің жатақхана тапшылығы мәселесі бар. Мемлекет тарапынан білім алушыларға хостелдерде орын берілді. Алдағы уақытта жатақханалар саны арта түседі. Қазірдің өзінде 938 орындық жатақхана құрылысы жүруде.

Колледждерде жаңа жұмысшы мамандықтар ашылып отырады. Мәселен, Сервис және туризм колледжінде екі мамандық ашсақ, Astana Polytechnic, Технологиялық колледжде жаңа мамандықтар ашу жоспарымызда бар.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Индира БЕРЖАНОВА

Астанада 1997-2023 жылдар аралығында 32 млн шаршы метрден аса тұрғын үй салынған. Сонымен қатар түрлі әлеуметтік нысандар, оның ішінде мектептер, балабақшалар, медициналық мекемелер, спорттық және мәдени ошақтар бой көтерді. Шын мәніндегі жаңа дәуірдің қаласы – Астананың толассыз түлеу, дамылсыз дамуында құрылысшылардың еңбегі орасан зор. Осы саладағы ұйымдардың басын біріктіретін Қазақстан құрылысшылар одағына бүгінде 1450 компания мүше. Одақ еліміздегі бүкіл құрылыс кешенінің дамып, табысты жұмыс істеуіне көмектеседі.

– Құрылыс нарығын дамыту, осы жолдағы кедергілер мен қиындықтарды жою, соны билікке жеткізіп, заңдарды нарыққа қарай жетілдіру – одақтың басты міндеті. Астана қаласы бойынша одаққа мүше 460 ұйым бар, оның ішіне құрылысшылар, мердігерлер, құрылыс заттарын шығаратын кәсіпорындар, жобалаушылар, сәулетшілер, инженеринг компаниялар кіреді. Елордада барлығы 190 мыңдай құрылысшы еңбек етеді. Қаламызда құрылыс 2005 жылдан бастап қарқын алды. Тәуелсіздік жылдарында, яғни 1997 жылдан бері Астанада 39 млн шаршы метрдей тұрғын үйлер салынды, – дейді Қазақстан құрылысшылар одағы президиумының төрағасы, Астана қалалық мәслихатының депутаты Талғат Ергалиев.

Оның айтуынша, одақ қаладағы құрылыс компанияларының жұмысына бақылау жүргізе алмайды, керісінше, оларды қолдап, дамуына жағдай жасайды. Одақ басшысы қазіргі үйлердің сапасына қатысты да ойын білдірді.

– Астанада басқа қалаларға қарағанда құрылыс сапасы ең мықты. Өйткені жылдың төрт мезгілі бізде жақсы өтеді, қысы да, жазы да, күз бен көктем де бар. Үйлер сол мезгілдердің бәріне төзімді етіп салынады. Ал ішінара кездесетін сын-пікірлерге келсек, I және II нарықтағы үйлер сапасында айырмашылық бар. Мәселен, I-нарықтағы үйлердің сапасы жақсы болған соң бағасы да жоғары, қазір бәрі осындай жаңа үйлерде тұрғысы келеді. Сондықтан кемшіліктері болса да, қазіргі үйлердің сапасы түсіп кетті деп айтуға келмейді. Ал кемшіліктер үлескерлерге байланысты заң дұрыс жұмыс істемеген соң нарыққа тәжірибесі жоқ мекемелердің көптеп кіруімен байланысты болуда. Кейбір мекемелер тәжірибе жоқтығынан сапасын дұрыс қарамайды. Бұл бір. Екіншіден, қолынан іс келетін жұмысшылар саны жылдан-жылға



АСТАНА – АЛЫП ҚҰРЫЛЫС АЛАҢЫ

Ертең еліміздегі құрылыс саласы қызметкерлері кәсіби мерекесін атап өтеді. «Қазақстан Республикасындағы мерекелер тізбесін бекіту туралы» Үкіметтің 2017 жылғы 31 қазандағы №689 қаулысымен жыл сайын тамыз айының екінші жексенбісінде сала мамандарының төл мейрамы тойланады. Ал негізі мерекенің тарихына 68 жылдан асты.

азайып барады. Бұл бүкіл әлемде солай, себебі жастар қазір құрылыс индустриясына барғысы келмейді, – дейді Т.Ергалиев.

Былтыр Астанада 3,4 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Ал ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2024 жылғы қаңтар-маусымда пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы алаңы 5,2% өсіп, 1676,2 мың шаршы метрді құрады, олардан көпшілік тұрғын үйлер – 5,6% (1649,6 мың шаршы метр). Бұл ретте, пайдалануға берілген жеке тұрғын үйлердің жалпы алаңы 13,3%-ға (26,6 мың шаршы метр) азайды.

Қазақстан Үкіметі биыл қаңтар айында Астана қаласының 2035 жылға дейінгі бас жоспарын бекітті. Оны жүзеге асыру үшін 2025 жылға дейін 6,3 трлн теңге инвестиция

тартылмақ. Соның ішінде 4,3 трлн теңге жеке инвестиция – тұрғын үй құрылысына, 700 млрд теңге инфрақұрылымдық жобаларға тиесілі. Астананың бас жоспары қаланың әлеуметтік, тұрғын үй-коммуналдық, көлік және энергетикалық инфрақұрылымын одан әрі дамыту бағытындағы нақты қадамдарды қамтиды.

Бас жоспар бойынша, алдағы жылдары Астанада 164 мектеп, 178 балабақша және 93 денсаулық сақтау мекемесі салынбақ. 2029 жылға дейін 15 заманауи оқушы сарайы бой көтереді. Бұл нысандардың құрылысына қажет қаражат жергілікті бюджет пен жеке инвестиция есебінен тартылады. Ал қаланың тұрғын үй қорын 68,2 млн шаршы метрге дейін, ал жол желісінің ұзындығын 1000 км, яғни 2,5 мың км-ге дейін ұлғайту жоспарланған. Үкімет

Астанада қоғамдық көліктің баламалы түрін дамытуды қолға алмақ. Оған қоса негізгі магистральдарда, әсіресе, Есіл ауданында кептелісті жеңілдету үшін бес ірі көпір салу жоспарланған. Жылу және электр энергиясы бойынша ЖЭО-3 екінші кезегін, 4 жаңа газ жылу стансасы салынады. Оған қоса, ЖЭО-2 кеңейту жоспарланған. Сонымен қатар 110/10 кВ 14 қосалқы станса іске қосылмақ. Былтыр 2 700 гектар жер бөлінген Астананың «жасыл белдеуін» дамыту жалғасады. Сондай-ақ қоғамдық орындар мен аула абаттандырылады. Осы жұмыстардың бәрінде Астанадағы құрылысшылар атсалысып, қаланы көркейту, маңызды әлеуметтік нысандардың дер кезінде бой көтеруіне бүкіл қажыр-қайраты мен тәжірибесін, күшін жұмсайды.

ҚҰРЫЛЫСШЫ – ҚАДІРЛІ МАМАНДЫҚ

Елордалық құрылысшы Қанат Нұппаев 19 жылдық жұмыс тәжірибесінде Астанада 23-тен астам тұрғын үй салуға атсалысқан. Нақтырақ айтқанда, бүгінде BI-Group компаниясы жоба жетекшісінің орынбасары қызметін атқаратын Қанат Жақсылықұлы бас қаланың ең бір сапалы үйлерін салуға қатысқанын мақтаныш етеді.

Ақмола облысына қарасты Қорғалжын ауылында туған Қанаттың бастапқы мамандығы – энергетик. Қазіргі қызмет ететін компанияда 2006 жылы жұмысын бастаған кезде де сол сала маманы болып орналасқан. Бірақ уақыт өте келе құрылысшы мамандығын ұнатып, сырттай жоғары білім алған соң, қызмет бағытын ауыстырған. Иә, құрылысшы болу үшін де жоғары білім керек, себебі ол қыры мен сыры көп, әрі бір орнында тұрмай дами беретін сала.

– Астанада компаниямыз салған «Париж кварталы», «Милан кварталы», «Лазурный квартал» сынды әйгілі тұрғын үй кешендерінің құрылысын жүргізуге араластым. Одан басқа да үйлерді, әлеуметтік нысандарды салуға қатыстым. Соның

сапасы да жақсы. Басқа қалалармен салыстырғанда Астанада үй салар кезде желдің қатты, күннің суықтығын ескеріп, үйлердің жылы болуын назарға аламыз. Біздің компанияның тәртібі бойынша 12 қабатты үйді салуға 14 ай мерзім беріледі. Одан да көп қабатты үйлерге 14-16 ай кетеді, – дейді Қ.Жақсылықұлы.

Тұрғын үйлерді салатын құрылыс материалдары фасад үшін сырт мемлекеттер, атап айтқанда Еуропа елдерінен, Ресейден, Белоруссиядан, Сербиядан жеткізіледі. Ал ішкі жағына керек гипс, кірпіш, бетон, арматура сияқты материалдар Қазақстанның өзінде бар. Безендіруге қажет керамогранит, мрамор, кафель сияқты заттар да сырттан келеді, – дейді ол. Астананың қысында үй



ішінде «Жекпе жек» сарайы, пандемия кезіндегі госпиталь, Астана-Бұрабай тас жолы сынды құрылыстар бар. Қазіргі таңда біздің компания еліміз бойынша 80 тұрғын үй құрылысын жүргізуде, соның 68-і елордада салынуда, қалғандары Атырау, Ақтау, Шымкент, Алматы қалаларында бой көтеруде. Биыл Астанада 42 үйді тапсырып, пайдалануға береміз деп жоспарлап отырмыз, – дейді құрылысшы.

Оның айтуынша, компания ең алдымен қауіпсіздікке зор мән беріп, соны бәрінен жоғары қояды. Сонымен қатар жұмыскерлердің жұмысын дұрыс ұйымдастыру, материалдар және техникамен толық қамтамасыз етуге басымдық беріліп, қызмет сапасына ерекше көңіл бөледі.

– Астанадағы үйлердің сапасы өте жоғары деңгейде деп айта аламын. Себебі қазір құрылыс салу кезінде шетелден әкелінетін мықты заманауи технологиялар қолданылуда, материалдар

салу қиындай түсетіні белгілі. Ондай кезде әр жұмысшының еңбек өнімділігі төмендейді. Дегенмен берілген меже мен қойылған жоспарды дер кезінде орындау үшін барынша шуақты күндерді пайдаланып, жұмыстағы еңбек қауіпсіздігін сақтай отыра құрылыс жалғасын табады. Күннің ыстығы мен суығында тынбай, елдің игілігіне еңбек етіп жүрген құрылысшы үй дайын болған кезде кеудені ерекше қуаныш кернеп, «осындай ғимаратты біз салдық» деген мақтаныш сезімі оянаттынын айтады. Осы аралықта мол тәжірибе жинақтай жүріп, елорданың ғана емес, елдегі құрылыс саласын дамытуға қосқан үлесі үшін ол құзырлы министрліктер, компания басшылығы және Астана әкімдігі тарапынан Құрмет грамоталарымен марапатталған. Бүгінде үш баланың әкесі болып отырған құрылысшы, атанасы және бала-шағасымен Ильинка елді мекенінде жер үйде тұрып жатыр.

Бетті дайындаған **Райхан РАХМЕТОВА**

ОҢ ДИНАМИКА БАЙҚАЛАДЫ

Бүгінгі таңда қаланың Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасының базасында салынып жатқан 1 236 нысан тіркелген. Сәулет-құрылыс бақылау жұмыстары туралы ведомство басшысы Ғани Тәжиев Астана коммуникациялық алаңында өткен брифингте айтты.

Биыл сәулет-құрылыс бақылауының қорытындысы бойынша жеке және заңды тұлғаларға қатысты жоспардан тыс 266 тексеру жүргізілді. 134 млн теңге сомасына 434 айыппұл салынды. Бұл ретте бұзушылықтарды жою үшін 177 ұйғарым берілді.

– Заңсыз құрылыс фактілерін болдырмау мақсатында басқарма нысандағы бұзушылықтар жойылғанға дейін ұйғарымдардың талаптарын орындауды және құрылыс-монтаждау жұмыстарын тоқтата тұруды міндеттеу үшін талап-арыздар беру тәжірибесін жолға қойды.

Бүгінгі таңда Астана қаласы Әділет департаментінің сот орындаушыларымен бірлесіп, сот актілерін мәжбүрлеп орындау бойынша жұмыстар үйлестірілді, – деді Ғани Тәжиев.

Негізінен құрылыс кезінде келесі бұзушылықтар анықталады: белгіленген тәртіппен сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамасыз құрылыс, жер учаскесіне тиісті меншік құқығынсыз құрылыс, құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы уәкілетті мемлекеттік органды хабардар етпей салу.


Бұдан әрі мұндай бұзушы-

лықтарға жол бермеу үшін басқарма «Астана-АЭК» АҚ-мен руқсат құжаттамасынсыз салынып жатқан нысандарда электр энергиясын өшіру бойынша жұмысты жолға қойды. Сондай-ақ әлеуметтік желілер мен қоғамдық алаңдар арқылы нысандарды салуға тыйым салынған құрылыс салушылар туралы халықты ақпараттандыру бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Сонымен қатар лицензия беру мен сарапшыларды аттестаттауға бақылау күшейтілді.

– Жыл басынан бері лицензия алуға жеке және заңды

тұлғалардан 1 762 өтініш, сараптамалық және инженерингтік қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау бойынша 710 өтініш келіп түсті, 515 өтініш бойынша бас тартылды, – деді Ғани Тәжиев.

Ведомство басшысының айтуынша, жалпы елорда бойынша құрылыс ұйымдарының белгіленген талаптарды, оның ішінде сапасы, мерзімі, құны, орындалған жұмыстарды қабылдау және нысандарды пайдалануға беру бойынша талаптарды сақтауының оң динамикасы байқалады.



№95 (4683) 10/08/2024 Сенбі	
АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ ШЕШІМІ	
08.08.2024	№01-10

«Астана қаласы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы»
Астана қаласы әкімінің 2023 жылғы 21 желтоқсандағы
№ 1-22 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. «Астана қаласы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» Астана қаласы әкімінің 2023 жылғы 21 желтоқсандағы № 1-22 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1366-01 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген шешімге 1-қосымшада:

№ 28 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 28 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Әл-Фараби атындағы оқушылар сарайы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Железнодорожный тұрғын алабы, Ж. Жабаев көшесі, № 14)

Шекарасы: теміржол төсемінен Ж. Жабаев көшесіне дейін, Ж. Жабаев көшесінің жұп сандар жағымен Екібастұз көшесіне дейін, Екібастұз көшесінің жұп сандар жағымен Ащысай көшесіне дейін, Ащысай көшесінің тақ сандар жағымен Екібастұз көшесіне дейін, Екібастұз көшесімен Маймекен көшесіне дейін, Маймекен көшесімен Ақжол даңғылына дейін, Ақжол даңғылынан теміржол төсеміне дейін.»;

№ 29 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 29 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№ 13 орта мектеп» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Промышленный тұрғын алабы, Шалкөде көшесі, № 5)

Шекарасы: Көкжелек көшесінен М. Төлебаев көшесінің тақ сандар жағымен Р. Қошқарбаев даңғылына дейін, Р. Қошқарбаев даңғылының жұп сандар жағымен Қордай көшесіне дейін, Қордай көшесінің жұп сандар жағымен Н. Ахметбеков көшесіне дейін, Н. Ахметбеков көшесінің тақ сандар жағымен Ө. Жәнібек көшесіне дейін, Ө. Жәнібек көшесінің жұп сандар жағымен Сарын көшесіне дейін, Сарын көшесінің тақ сандар жағымен Көкжелек көшесіне дейін, Көкжелек көшесінің жұп сандар жағымен М. Төлебаев көшесіне дейін.»;

№ 40 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 40 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Мұстафа Шоқай атындағы

№ 51 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Аманат көшесі, № 5)

Шекарасы: М. Жұмабаев даңғылынан Айнакөл көшесінің тақ сандар жағымен Қордай көшесіне дейін, Қордай көшесінің тақ сандар жағымен Балқантау көшесіне дейін, Балқантау көшесінің тақ сандар жағымен Шабыт орамына дейін, Шабыт орамының тақ сандар жағымен Қордай көшесіне дейін, Қордай көшесінің тақ сандар жағымен Сұлутөбе көшесіне дейін, Сұлутөбе көшесінің жұп сандар жағымен М. Жұмабаев даңғылына дейін, М. Жұмабаев даңғылының жұп сандар жағымен Айнакөл көшесіне дейін.»;

№ 50 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 50 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Шерхан Мұртаза атындағы

№ 63 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Лепсі көшесі, № 38)

Шекарасы: Р. Қошқарбаев даңғылынан М. Төлебаев көшесінің жұп сандар жағымен Қызылкөл орамына дейін, Қызылкөл орамының жұп сандар жағымен Майдақоңыр көшесіне дейін, Майдақоңыр көшесінің тақ сандар жағымен Арал орамына дейін, Арал орамының жұп сандар жағымен Ертіс көшесіне дейін, Ертіс көшесінің жұп сандар жағымен Ш. Құдайбердіұлы даңғылына дейін, Ш. Құдайбердіұлы даңғылының жұп сандар жағымен Р. Қошқарбаев даңғылына дейін, Р. Қошқарбаев даңғылының тақ сандар жағымен М. Төлебаев көшесіне дейін.»;

№ 65 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 65 сайлау учаскесі

(орталығы – «BINOM EDUCATION» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің А. Байтұрсынұлы атындағы «Binom school» мектеп-лицейі,

А. Байтұрсынұлы көшесі, № 49А)

Шекарасы: М. Тынышбайұлы көшесінен Ж. Нәжімеденов көшесінің жұп сандар жағымен Есіл өзенінің жағалауына дейін, Есіл өзенінің жағасымен

Ұлы дала даңғылына дейін, Ұлы дала даңғылының жұп сандар жағымен

А. Байтұрсынұлы көшесіне дейін, А. Байтұр-

сынұлы көшесінің жұп сандар жағымен М. Тынышбайұлы көшесіне дейін, М. Тынышбайұлы көшесінің жұп сандар жағымен Ж. Нәжімеденов көшесіне дейін.»;

№ 66 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 66 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№ 98 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Ж. Нәжімеденов көшесі, № 10/5)

Шекарасы: Ш. Қалдаяқов көшесіндегі № 1, 3, 11, 13 үйлер.»;

№ 70 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 70 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Мұхтар Әуезов атындағы

№ 86 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, А. Бөлекпаев көшесі, № 20)

Шекарасы: А. Байтұрсынұлы көшесіндегі № 47, 46/1, 46/2 үйлер,

А. Бөлекпаев көшесіндегі № 19, 22 үйлер, Қордай көшесіндегі № 17, 97, 99 үйлер, Ақжол көшесіндегі № 18 үй, М. Шоқай көшесіндегі № 107 үй.»;

№ 81 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 81 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Ыбырай Алтынсарин атындағы

№ 83 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, А. Байтұрсынұлы көшесі, № 35)

Шекарасы: М. Жұмабаев даңғылынан А. Бөлекпаев көшесінің жұп сандар жағымен К. Әзірбаев көшесіне дейін, К. Әзірбаев көшесінің жұп сандар жағымен А. Байтұрсынұлы көшесіне дейін, А. Байтұрсынұлы көшесінің тақ сандар жағымен М. Жұмабаев даңғылына дейін, М. Жұмабаев даңғылының тақ сандар жағымен А. Байтұрсынұлы көшесіндегі № 39 үйді қоса алғанда,

А. Бөлекпаев көшесіне дейін.»;

№ 84 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 84 сайлау учаскесі

(орталығы – «BINOM EDUCATION» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің А. Байтұрсынұлы атындағы «Binom school» мектеп-лицейі,

А. Байтұрсынұлы көшесі, № 49А)

Шекарасы: Ж. Нәжімеденов көшесінен С.Шаймерденов көшесінің жұп сандар жағымен А. Байтұрсынұлы көшесіндегі № 36А, 40, 84 үйлерді,

С. Шаймерденов көшесіндегі № 1, 3, 8, 8Б үйлерді, А83 көшедегі № 11 үйді қоса алғанда, Ж. Нәжімеденов көшесіндегі № 35, 37, 39 үйлерді қоспағанда,

А. Байтұрсынұлы көшесіне дейін.»;

№ 85 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 85 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Мәшһүр Жүсіп атындағы № 57 орта мектеп» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Промышленный тұрғын алабы, Шарбақты көшесі, № 46)

Шекарасы: А431 көшеден «Астана – Қарағанды» тас жолымен А105 көшеге дейін, А105 көшенің тақ сандар жағымен А102 көшеге дейін, А102 көшесінің тақ сандар жағымен А431 көшеге дейін, А431 көшенің бойымен А108 көшедегі № 26, 28 үйлерді қоса алғанда, «Астана – Қарағанды» тас жолына дейін.»;

№ 86 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 86 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Мәшһүр Жүсіп атындағы № 57 орта мектеп» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Промышленный тұрғын алабы, Шарбақты көшесі, № 46)

Шекарасы: А105 көшеден «Астана – Қарағанды» тас жолымен

Х. Болғанбаев көшесіне дейін, Х. Болғанбаев көшесімен А68 көшеге дейін, А68 көшемен Есіл өзенінің жағалауына дейін, Есіл өзені жағалауының бойымен А86 көшеге дейін, А86 көшемен А. Байтұрсынұлы көшесіне дейін,

А. Байтұрсынұлы көшесінің тақ сандар жағымен А431 көшеге дейін, А431 көшемен А102 көшеге дейін, А102 көшенің тақ сандар жағымен А105 көшеге дейін, А105 көшенің жұп сандар жағымен «Village-BAY» коттедж қалашығын, бау-бақша қоғамдарын және Интернациональный тұрғын алабындағы гольф клубына, А108 көшедегі № 26, 28 үйлерді қоспағанда, Астана – Қарағанды тас жолына дейін.»;

№ 87 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 87 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің жанындағы «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Достық үйі» ғимараты, Б. Момышұлы даңғылы, № 26)

Шекарасы: Қордай көшесінен Р. Қошқарбаев даңғылының тақ сандар жағымен М. Төлебаев көшесіне дейін, М. Төлебаев көшесінің тақ сандар жағымен Б. Момышұлы даңғылына дейін, Б. Момышұлы даңғылының жұп сандар жағымен Қордай көшесіне дейін, Қордай көшесінің жұп сандар жағымен Шабыт орамына дейін, Шабыт орамының жұп сандар жағымен Балқантау көшесіне дейін, Балқантау көшесінің жұп сандар жағымен Қордай көшесіне дейін, Қордай көшесінің жұп сандар жағымен Р. Қошқарбаев даңғылына дейін.»;

№ 88 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 88 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің жанындағы «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Достық үйі» ғимараты, Б. Момышұлы даңғылы, № 26)

Шекарасы: Қызылкөл орамынан М. Төлебаев көшесінің жұп сандар жағымен Б. Момышұлы даңғылына дейін, Б. Момышұлы даңғылының жұп сандар жағымен Абылай хан даңғылына дейін, Абылай хан даңғылының жұп сандар жағымен Бурабай көшесіне дейін, Бурабай көшесінің тақ сандар жағымен Майдақоңыр көшесіне дейін, Майдақоңыр көшесінің жұп сандар жағымен Қызылкөл орамына дейін, Қызылкөл орамының тақ сандар жағымен М. Төлебаев көшесіне дейін.»;

№ 96 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 96 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Ыбырай Алтынсарин атындағы

№ 83 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, А. Байтұрсынұлы көшесі, № 35)

Шекарасы: А. Байтұрсынұлы көшесінен Т.Жүргенов көшесінің тақ сандар жағымен Р.Қошқарбаев даңғылына дейін, Р. Қошқарбаев даңғылының жұп сандар жағымен М. Жұмабаев даңғылына дейін, М. Жұмабаев даңғылының жұп сандар жағымен А. Байтұрсынұлы көшесіне дейін, А. Байтұрсынұлы көшесінің тақ сандар жағымен К. Әзірбаев көшесіндегі №4/1, 6, 6/1, 6/2, 6/3, 6/4, 6/5, 8, 27 үйлерді, Р. Қошқарбаев даңғылындағы № 54А үйді, А.Байтұрсынов көшесіндегі № 39 үйді қоспағанда, Т. Жүргенов көшесіне дейін.»;

№ 453 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 453 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№ 98 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Ж. Нәжімеденов көшесі, № 10/5)

Шекарасы: С. Нұрмағамбетов көшесінен Р.Қошқарбаев даңғылының жұп сандар жағымен М. Жұмабаев даңғылына дейін, М.Жұмабаев даңғылының тақ сандар жағымен К. Әзірбаев көшесіне дейін, К. Әзірбаев көшесінің тақ сандар жағымен А. Байтұрсынұлы көшесіне дейін, А. Байтұрсынұлы көшесінің тақ сандар жағымен С. Нұрмағамбетов көшесіне дейін, С. Нұрмағамбетов көшесінің жұп сандар жағымен Р. Қошқарбаев даңғылындағы № 42, 42/1, 44, 46, 46/1, 46/2, 48, 50, 50/1 үйлерді, К. Әзірбаев көшесіндегі № 39, 41 үйлерді қоспағанда, Р. Қошқарбаев даңғылына дейін.»;

№ 456 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 456 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Мұхтар Әуезов атындағы № 86 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, А. Бөлекпаев көшесі, № 20)

Шекарасы: А. Байтұрсынұлы көшесінен Т.Жүргенов көшесінің жұп сандар жағымен А. Бөлекпаев көшесіне дейін, А. Бөлекпаев көшесінің тақ сандар жағымен А75 көшеге дейін, А75 көшенің жұп сандар жағымен

А. Байтұрсынұлы көшесіне дейін, А. Байтұрсынұлы көшесінің тақ сандар жағымен Т.Жүргенов көшесіндегі № 27, 28, 28/1 үйлерді қоса алғанда,

Т. Жүргенов көшесіне дейін.»;

мынадай мазмұндағы № 460, 461 сайлау учаскелерімен толықтырылсын:

«№ 460 сайлау учаскесі

(орталығы – «Нұрлы жол» теміржол вокзалы, М. Тынышбайұлы көшесі,

№ 8)

Шекарасы: Есіл өзенінің жағалауынан М.Тынышбайұлы көшесіне дейін, М. Тынышбайұлы көшесінің жұп сандар жағымен А. Байтұрсынов көшесіне дейін, А. Байтұрсынов көшесінің жұп сандар жағымен С. Шаймерденов көшесіне дейін, С. Шаймерденов көшесінің тақ сандар жағымен Ж. Нәжімеденов көшесіне дейін, Ж. Нәжімеденов көшесінің тақ сандар жағымен Есіл өзенінің жағалауына дейін, Есіл өзенінің жағалауымен М. Тынышбайұлы көшесіне дейін.

№ 461 сайлау учаскесі

(орталық – Астана қаласы әкімдігінің «Шерхан Мұртаза атындағы № 63 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Лепсі көшесі, № 38)

Шекарасы: теміржолдан Р. Қошқарбаев даңғылына дейін, Р. Қошқарбаев даңғылының жұп сандар жағымен М. Төлебаев көшесіне дейін, М. Төлебаев көшесінің тақ сандар жағымен «Астана-Қарағанды» тас жолына дейін,

«Астана-Қарағанды» тас жолының жұп сандар жағымен айналма жолға дейін, айналма жолмен теміржолға дейін, теміржолмен Р.Қошқарбаев даңғылына дейін.»;

жоғарыда көрсетілген шешімге 3-қосымшада:

№ 159 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 159 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№24 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Пригородный» тұрғын алабы, Арнасай көшесі, № 127)

Шекарасы: «Астана жұлдызы» монументінен Қабанбай батыр даңғылының тақ сандар жағымен Арнасай көшесіне дейін, Арнасай көшесінің жұп сандар жағымен Қарқаралы тас жолына дейін, Қарқаралы тас жолымен «Астана жұлдызы» монументіне дейін.»;

№ 160 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 160 сайлау учаскесі

(орталығы – «Республикалық физика-математика мектебі» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Түркістан көшесі, № 2/1)

Шекарасы: Сығанақ көшесінен Мәңгілік Ел даңғылының тақ сандар жағымен Мәңгілік Ел даңғылындағы № 17 үйге дейін, Мәңгілік Ел даңғылындағы № 17 үйден өтпе жолмен Түркістан көшесіндегі № 2 үйге дейін, Түркістан көшесіндегі № 2 үйден өтпе жолмен Түркістан көшесіндегі № 4а үйге дейін, Түркістан көшесіндегі № 4а үйден өтпе жолмен Алматы көшесіндегі № 13/1 үйге дейін, Алматы көшесіндегі № 11 үйге дейін қоса алғанда, Түркістан көшесінің тақ сандар жағымен Алматы көшесіндегі № 11 үйден Сығанақ көшесіндегі № 62/3 үйге дейін, Сығанақ көшесінің жұп сандар жағымен Сығанақ көшесіндегі № 62/3 үйден Мәңгілік Ел даңғылына дейін.»;

№ 177 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 177 сайлау учаскесі

(орталығы – «ASPAN» спорт орталығы, Е697 көше, № 5 үй)

Шекарасы: Арнасай көшесінен Қабанбай батыр даңғылымен «Есіл» ауданының шекарасына дейін, «Есіл» ауданының шекарасынан Қарқаралы тас жолына дейін, Қарқаралы тас жолынан Арнасай көшесіне дейін, Арнасай көшесінің тақ сандар жағынан Қабанбай батыр даңғылына дейін.»;

№ 188 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 188 сайлау учаскесі

(орталығы – «BINOM EDUCATION» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қ. Сәтпаев атындағы «Binom school» мектеп-лицейі, Әл-Фараби даңғылы, № 40а)

Шекарасы: К-1 көшенің бойымен Ұлы Дала даңғылынан Е511 көшеге дейін, Е511 көшенің бойымен Е511 көшедегі № 38 үйге дейін, Е511 көшедегі

№ 38 үйден Әл-Фараби даңғылындағы №44/1 үйге дейін, Әл-Фараби даңғылындағы № 44/1 үйден Қабанбай батыр даңғылына дейін, Қабанбай батыр даңғылының жұп сандар жағынан «Есіл» ауданының шекарасына дейін, «Есіл» ауданының шекарасынан Ұлы дала даңғылына дейін, Ұлы Дала даңғылынан К-1 көшеге дейін.»;

№ 191 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 191 сайлау учаскесі

(орталығы – «Республикалық физика-математика мектебі» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Түркістан көшесі, № 2/1)

Шекарасы: Мәңгілік Ел даңғылынан Алматы көшесінің тақ сандар жағымен Алматы көшесіндегі № 11 үйге дейін, Алматы көшесіндегі № 11 үйден өтпе жолмен Алматы көшесіндегі № 13/1 үйге дейін, Алматы көшесіндегі

№ 13/1 үйден өтпе жолмен Түркістан көшесіндегі № 4/1 үйге дейін, Түркістан көшесіндегі № 4/1 үйден өтпе жолмен Түркістан көшесіндегі № 2/1 үйге дейін, Түркістан көшесіндегі № 2/1 үйден өтпе жолмен Мәңгілік Ел даңғылына дейін, Мәңгілік Ел даңғылының тақ сандар жағымен Алматы көшесіне дейін.»;

№ 194 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 194 сайлау учаскесі

(орталығы – «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамының «Болашақ» бизнес-орталығы, Ә.Бөкейхан көшесі, № 12)

Шекарасы: Бұқар жырау көшесінен Ә. Бөкейхан көшесінің тақ сандар жағымен Ә. Бөкейхан көшесіндегі № 11 үйге дейін, Ә. Бөкейхан көшесіндегі № 11 үйден өтпе жол-

№95 (4683) 10/08/2024 Сенбі

мен Әл-Фараби даңғылына дейін, Әл-Фараби даңғылының тақ сандар жағымен Бұқар жырау көшесіне дейін, Бұқар жырау көшесінің тақ сандар жағымен Бұқар жырау көшесіндегі № 27 үйді қоспағанда, Ә. Бөкейхан көшесіне дейін.»;

№ 201 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 201 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласының халықаралық мектебі, Түркістан көшесі, № 32/1)

Шекарасы: Бұқар жырау көшесінің жұп сандар жағымен Бұқар жырау көшесіндегі № 36а үйге дейін, Бұқар жырау көшесіндегі № 36а үйден өтпе жолмен № 37 көшедегі № 6 үйге дейін, № 37 көшедегі № 6 үйден өтпе жолмен № 37 көшедегі № 1 үйге дейін, № 37 көшенің тақ сандар жағымен Ұлы Дала даңғылындағы № 55/1 үйге дейін, Ұлы Дала даңғылындағы № 55/1 үйден өтпе жолмен Ә. Бөкейхан көшесіндегі № 21/5 үйге дейін, Ә. Бөкейхан көшесіндегі

№ 21/5 үйден өтпе жолмен Ә. Бөкейхан көшесіндегі № 21/4 үйге дейін,

Ә. Бөкейхан көшесіндегі 21/5 үйден өтпе жолмен Ә. Бөкейхан көшесінің тақ сандар жағынан Бұқар жырау көшесіндегі № 27 үйді қоса алғанда, Бұқар жырау көшесіне дейін.»;

№ 208 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 208 сайлау учаскесі

(орталығы – «BINOM EDUCATION» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қ. Сәтпаев атындағы «Binom school» мектеп-лицейі, Әл-Фараби даңғылы, № 40а)

Шекарасы: Әл-Фараби даңғылындағы № 32 үйді қоспағанда, Әл-Фараби даңғылындағы №34, 34/1, 34/2, 34/3, 34/4, 36/2, 38/2, 40/2, 44, 44/1, 46 үйлер.»;

№ 209 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 209 сайлау учаскесі

(орталығы – «BINOM EDUCATION» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қ. Сәтпаев атындағы «Binom school» мектеп-лицейі, Әл-Фараби даңғылы, № 40а)

Шекарасы: Әл-Фараби даңғылындағы №32 үйді қоса алғанда, Ұлы Дала даңғылындағы №80, 80/1, 82, 84 үйлер, Әл-Фараби даңғылындағы № 30, 30/1 үйлер.»;

№ 211 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 211 сайлау учаскесі

(орталығы – Қазақстан Республикасының Президенттік орталығы, Ә. Бөкейхан көшесі, № 1а)

Шекарасы: Сығанақ көшесінен Ә. Бөкейхан көшесінің тақ сандар жағымен Керей, Жәнібек хандар көшесіне дейін, Керей, Жәнібек хандар көшесінің тақ сандар жағымен Керей, Жәнібек хандар көшесіндегі № 40 үйге дейін, Керей, Жәнібек хандар көшесіндегі № 40 үйден Ұшқыштар көшесіне дейін, Ұшқыштар көшесінің тақ сандар жағымен Жиделі көшесіне дейін, Жиделі көшесінің жұп сандар жағымен Жиделі көшесіндегі № 22 үйге дейін, Жиделі көшесіндегі № 22 үйден Керей, Жәнібек хандар көшесіндегі № 50/3 үйге дейін, Керей, Жәнібек хандар көшесіндегі № 50/3 үйден өтпе жолмен Әл-Фараби даңғылына дейін, Әл-Фараби даңғылының тақ сандар жағымен Есіл өзенінің арнасына дейін, Есіл өзенінің арнасынан Сығанақ көшесіне дейін, Есіл өзенінің арнасынан Сығанақ көшесінің жұп сандар жағымен Ә.Бөкейхан көшесіне дейін.»;

№ 212 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 212 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Шейх Халиф бен Заид әл-Нахаян атындағы № 84 мектеп-лицейі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Ұлы Дала даңғылы, № 41/7)

Шекарасы: Ұлы Дала даңғылынан Ақмешіт көшесінің тақ сандар жағымен Т. Рысқұлов көшесіне дейін, Т. Рысқұлов көшесінің жұп сандар жағымен Мәңгілік Ел даңғылына дейін, Мәңгілік Ел даңғылының тақ сандар жағымен Ұлы Дала даңғылына дейін, Ұлы Дала даңғылымен Ақмешіт көшесіне дейін.»;

№ 213 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 213 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№ 95 мектеп-лицейі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Ұлы Дала даңғылы, № 73/1)

Шекарасы: К-1 көшенің бойымен Ұлы Дала даңғылынан Е511 көшеге дейін, Е 511 көшемен Е511 көшедегі № 38 үйге дейін, Е511 көшедегі № 38 үйден Әл-Фараби даңғылындағы № 44/1 үйге дейін, Әл-Фараби даңғылындағы № 44/1 үйден Әл-Фараби даңғылындағы № 30/4 үйге дейін, Әл-Фараби даңғылындағы № 30/4 үйден өтпе жолмен Ұлы Дала даңғылына дейін, Ұлы Дала даңғылының жұп сандар жағымен К-1 көшеге дейін.»;

мынадай мазмұндағы № 462, 463 сайлау учаскелерімен толықтырылсын:

«№ 462 сайлау учаскесі

(орталығы – «BINOM EDUCATION» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қадыр Мырза Әлі атындағы «Binom school» мектеп-лицейі, Әл-Фараби даңғылы, № 9/5)

Шекарасы: Әл-Фараби даңғылынан Бұқар жырау көшесінің тақ сандар жағымен Бұқар жырау көшесіндегі № 31 үйге дейін, Бұқар жырау көшесінен Керей, Жәнібек хандар көшесіндегі № 50/3 үйге дейін, Керей, Жәнібек хандар көшесіндегі № 50/3 үйден Әл-Фараби даңғылына дейін, Әл-Фараби даңғылының тақ сандар жағымен Бұқар жырау көшесіне дейін.

№ 463 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№ 96 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны,

Г. Әлиев көшесі, №10а)

Шекарасы: Ұлы Дала даңғылынан Ақмешіт көшесінің бойымен № 29/2 көшеге дейін, Ақмешіт көшесінен Т. Рысқұлов көшесіне дейін, № 29/2 көшеден Т. Рысқұлов көшесінің жұп сандар жағымен Қабанбай батыр даңғылына дейін, Қабанбай батыр даңғылының жұп сандар жағымен Н. Балғымбаев көшесіне дейін, Қабанбай батыр даңғылынан Н. Балғымбаев көшесімен Г. Әлиев көшесіне дейін, Н.Балғымбаев көшесінен Ұлы Дала даңғылына дейін, Ұлы Дала даңғылынан Ақмешіт көшесіне дейін.»;

жоғарыда көрсетілген шешімге 4-қосымшада:

№ 233 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 233 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің №86 «Зияткер» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, М. Мәметова көшесі, № 4)

Шекарасы: М. Мәметова көшесіндегі № 2 үйден Сығанақ көшесіне дейін, Сығанақ көшесінен Сығанақ көшесіндегі № 32 үйге дейін, Сығанақ көшесіндегі № 32 үйден Қазыбек би көшесіндегі № 3/2 үйге дейін, Қазыбек би көшесіндегі № 3/2 үйден М. Мәметова көшесіндегі № 8, № 10, № 12 үйлерді қоспағанда, М. Мәметова көшесіндегі № 2 үйге дейін.»;

№ 236 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 236 сайлау учаскесі

(орталығы – «BI-Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «GREEN TOWER» бизнес-орталығы, Сығанақ көшесі, № 17М)

Шекарасы: Қ. Мұхамедханов көшесінен ЕК32 көшеге дейін, ЕК32 көшеден Е-900 көшедегі № 2 үйге дейін, Е-900 көшедегі № 2 үйден Төле би көшесіндегі № 61, 63 үйлерді қоса алғанда, Қ. Мұхамедханов көшесіне дейін.»;

№ 238 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 238 сайлау учаскесі

(орталығы – «Сарыарқа» велотрегі, Қабанбай батыр даңғылы, № 45А)

Шекарасы: Тұран даңғылындағы № 48, 50, 50/1, 50/2, 50/3, 50/4, 50/5, 52, 52/1, 52/5, 52/6, 52/7, 54 үйлер, Қабанбай батыр даңғылындағы № 47, 47/2, 47/1, 49 үйлер, Бұқар жырау көшесіндегі № 20Б үй.»;

№ 242 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 242 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№81 Astana English School халықаралық мамандандырылған гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, І. Омаров көшесі, № 14)

Шекарасы: Күлтегін көшесіндегі № 15, 17/1, 18, 20, 21 үйлер, І. Омаров көшесіндегі № 8, 8/1, 10, 12, 12/1, 14, 19, 19/1, 21, 12/1, 23, 23/1, 25 үйлер.»;

№ 246 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 246 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№ 71 мектеп-лицейі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, І. Омаров көшесі, № 4)

Шекарасы: С. Асфендияров көшесіндегі №6 үйден Күлтегін көшесіндегі № 11А үйге дейін, Күлтегін көшесіндегі № 11А үйден Күлтегін көшесіндегі

№ 14 үйге дейін, Күлтегін көшесіндегі №14 үйден С. Асфендияров көшесіндегі № 12 үйді қоса алғанда, С. Асфендияров көшесіндегі №7 үйге дейін, С. Асфендияров көшесіндегі №7 үйден С. Асфендияров көшесіндегі № 6 үйге дейін.»;

№ 249 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 249 сайлау учаскесі

(орталығы – «BINOM EDUCATION» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Ы. Алтынсарин атындағы «BINOM SCHOOL» мектеп-лицейі, Төле би көшесі, № 42)

Шекарасы: Сығанақ көшесінің жұп сандар жағынан Е-67 көшедегі

№ 6 үйді қоспағанда, Төле би көшесіндегі № 46 үйге дейін, Төле би көшесіндегі № 46 үйден Ә. Бектұров көшесіне дейін, Ә. Бектұров көшесіндегі № 4/1 үйден Тұран даңғылының тақ сандар жағына дейін, Тұран даңғылының тақ сандар жағынан Сығанақ көшесінің жұп сандар жағына дейін.»;

№ 251 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 251 сайлау учаскесі

(орталығы – «BINOM EDUCATION» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Ы. Алтынсарин атындағы «BINOM SCHOOL» мектеп-лицейі, Төле би көшесі, № 42)

Шекарасы: Төле би көшесіндегі № 44 үйден «Future School» мектебіне дейін, «Future School» мектебінен Ә. Бектұров көшесіндегі № 17 үйге дейін,

Ә. Бектұров көшесіндегі № 17 үйден Ә.Бектұров көшесіндегі № 4 үйді қоса алғанда, Ә.Бектұров көшесіндегі № 9 үйге дейін, Ә.Бектұров көшесіндегі

№ 9 үйден Төле би көшесіндегі № 44 үйге дейін.»;

№ 262 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 262 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№81 Astana English School халықаралық мамандандырылған гимназия» мемлекеттік коммуналдық мекемесі, І. Омаров көшесі, № 14)

Шекарасы: Қ. Мұхамедханов көшесінен С.Асфендияров көшесіндегі

№ 12 үйді қоспағанда, Күлтегін көшесіндегі № 14 үйге дейін, Күлтегін көшесіндегі № 14 үйден Күлтегін көшесіндегі № 23 үйге дейін, Күлтегін көшесіндегі № 23 үйден Қ. Мұхамедханов көшесіндегі № 16/2 үйге дейін,

Қ. Мұхамедханов көшесіндегі № 16/2 үйден Қ. Мұхамедханов көшесінің жұп сандар жағына дейін, Қ. Мұхамедханов көшесінің жұп сандар жағынан Әйтеке би көшесіне дейін.»;

№ 265 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 265 сайлау учаскесі

(орталығы– «Sairan Arena» спорт кешені, Тұран даңғылы, № 58/1)

Шекарасы: Ұлы Дала даңғылының тақ сандар жағымен Ұлы Дала даңғылындағы № 31 үйге дейін, Ұлы Дала даңғылындағы № 31 үйден

Қабанбай батыр даңғылындағы № 49А үйді қоса алғанда, Қабанбай батыр даңғылының тақ сандар жағына дейін, Қабанбай батыр даңғылының тақ сандар жағымен Ұлы дала даңғылының тақ сандар жағына дейін.»;

№ 266 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 266 сайлау учаскесі

(орталығы – «BINOM EDUCATION» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Ы. Алтынсарин атындағы «BINOM SCHOOL» мектеп-лицейі, Төле би көшесі, № 42)

Шекарасы: Сығанақ көшесімен Е-67 көшедегі № 6 үйді қоса алғанда, Төле би көшесінің тақ сандар жағына дейін, Төле би көшесінің тақ сандар жағымен Қазыбек би көшесіне дейін, Қазыбек би көшесінен Қазыбек би көшесіндегі № 5А үйге дейін, Қазыбек би көшесіндегі № 5А үйден Сығанақ көшесінің жұп сандар жағына дейін.»;

№ 268 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 268 сайлау учаскесі

(орталығы – «Quantum STEM School» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Е899 көше, № 2)

Шекарасы: ЕК32 көшемен Е-900 көшедегі № 2 үйді, Төле би көшесіндегі № 59, 57 үйлерді қоса алғанда, Төле би көшесінің тақ сандар жағына дейін, Төле би көшесінің тақ сандар жағынан Сығанақ көшесінің тақ сандар жағына дейін, Сығанақ көшесінің тақ сандар жағынан Әнет баба көшесіне дейін, Әнет баба көшесінен ЕК32 көшеге дейін.»;

№ 269 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 269 сайлау учаскесі

(орталығы – «BINOM EDUCATION» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Ә. Бөкейхан атындағы «BINOM SCHOOL» мектеп-лицейі, III. Шөкин көшесі, № 5)

Шекарасы: Күлтегін көшесімен Е35 көшеге дейін, Е35 көшеден

М. Мәметова көшесіндегі № 8, 10, 12 үйлерді қоса алғанда, Қазыбек би көшесіне дейін, Қазыбек би көшесінен Күлтегін көшесіне дейін.»;

мынадай мазмұндағы № 464 сайлау учаскесімен толықтырылсын:

«№ 464 сайлау учаскесі

(орталығы – «Future school» бастауыш мектебі, Төле би көшесі, № 42/1)

Шекарасы: Р. Бағланова көшесінен Е-68 көшеге дейін, Е-68 көшеден Төле би көшесіне дейін, Төле би көшесінен Е-70 көшеге дейін, Е-70 көшеден

Ә. Бектұров көшесіндегі № 19 үйге дейін, Ә. Бектұров көшесіндегі № 19 үйден Р. Бағланова көшесіне дейін, Р. Бағланова көшесінен Р. Бағланова көшесіндегі

№ 3 үйге дейін, Р. Бағланова көшесіндегі №3 үйден Төле би көшесіне дейін, Төле би көшесінен Р. Бағланова көшесіне дейін.»;

жоғарыда көрсетілген шешімге 5-қосымшада:

№ 305 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 305 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Лияс Есенберлин атындағы

№ 67 гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, III. Қосшығұллы көшесі, № 23/1)

Шекарасы: Сарыбұлақ бұлағынан Есіл өзенінің жағалауына дейін, Есіл өзенінің жағалауынан III. Айтматов көшесіндегі № 77, 77/1, 77/2 үйлерін қоса алғанда, III. Бейсекова көшесіне дейін, III. Бейсекова көшесінен

III. Қосшығұллы көшесіне дейін, III. Қосшығұллы көшесінің тақ сандар жағымен III.Қосшығұллы көшесіндегі № 21 үйге дейін, III. Қосшығұллы көшесіндегі № 21 үйден III.Қосшығұллы көшесіндегі № 23/1 үйге дейін,

III. Қосшығұллы көшесіндегі № 23/1 үйден Сарыбұлақ бұлағына дейін.»;

№ 306 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 306 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Дарынды қыз балаларға арналған «Білім-инновация» лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Б. Соқпақбаев көшесі, № 17)

Шекарасы: Ақан сері көшесінен Н. Тілендиев даңғылына дейін,

Н. Тілендиев даңғылының тақ сандар жағымен III. Бейсекова көшесіне дейін,

III. Бейсекова көшесінің жұп сандар жағымен III. Қосшығұллы көшесіне дейін, III. Қосшығұллы көшесінен Қарамеңде би Шақаұлы көшесіне дейін, Қарамеңде би Шақаұлы көшесінен Байынкөл орамына дейін, Байынкөл орамынан Дәулеткерей көшесіне дейін, Дәулеткерей көшесінен Ақан сері көшесіне дейін.»;

№ 309 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 309 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№6 гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Бөгенбай батыр даңғылы, № 47/1)

Шекарасы: Ы. Дүкенұлы көшесінен Бейбітшілік көшесінің жұп сандар жағымен Мәскеу көшесіне дейін, Мәскеу көшесінің жұп сандар жағымен Республика даңғылына дейін, Республика даңғылынан Ы. Дүкенұлы көшесіне дейін.»;

№ 310 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 310 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «ASTANA POLYTECHNIC» жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Бейбітшілік көшесі, № 39)

Шекарасы: Бөгенбай батыр даңғылынан Жеңіс даңғылына дейін, Жеңіс даңғылынан Желтоқсан көшесіндегі № 45 үйге дейін, Желтоқсан көшесіндегі

№ 45 үйден Желтоқсан көшесіндегі № 38/1 және Ы. Дүкенұлы көшесіндегі

№ 1 үйлерді қоспағанда, Ы. Дүкенұлы көшесіне дейін, Ы. Дүкенұлы көшесінен М. Өуезов көшесіне дейін.»;

№ 311 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 311 сайлау учаскесі

(орталығы – «Астана Медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Бейбітшілік көшесі, № 49а)


Шекарасы: Жеңіс даңғылынан Мәскеу көшесіне дейін, Мәскеу көшесінің жұп сандар жағымен Бейбітшілік көшесіне дейін, Бейбітшілік көшесінің тақ сандар жағымен Ы. Дүкенұлы көшесіне дейін, Ы. Дүкенұлы көшесінің тақ сандар жағымен Желтоқсан көшесіндегі № 45 үйді қоса алғанда Жеңіс даңғылына дейін.»;

№ 312 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 312 сайлау учаскесі

(орталығы – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесі, Жеңіс даңғылы, № 41/1)

Шекарасы: Бөгенбай батыр даңғылынан Жеңіс



қоса алғанда, Мәскеу көшесіндегі №27 үйге дейін.»;

№ 315 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 315 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№14 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Мәскеу көшесі, № 23)

Шекарасы: Ә. Молдағұлова көшесінен Г.Потанин көшесіне дейін,

Г. Потанин көшесінен Г. Потанин көшесіндегі № 2, 4, 6, 8 үйлерді қоса алғанда, Мәскеу көшесіне дейін, Мәскеу көшесінен Б. Хмельницкий көшесіне дейін.»;

№ 316 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 316 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№ 51 «Алтын сандық» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, Мәскеу көшесі, № 28а)

Шекарасы: Мәскеу көшесінен С. Разин көшесіне дейін, С. Разин көшесінің жұп сандар жағымен, Мәскеу көшесіндегі № 20, 20/1, 20/2 үйлерді, С. Разин көшесіндегі № 10, 14, 14/1, 14/2 және Домбыралы көшесіндегі

№ 24, 24/1, 26 үйлерді қоспағанда, Жамбыл көшесіне дейін, Жамбыл көшесімен Сарыарқа даңғылындағы № 39 үйді қоса алғанда, Бестерек көшесіне дейін, Бестерек көшесінен Жеңіс даңғылындағы № 51/3, 51/4 және Мәскеу көшесіндегі № 26/1 үйлерді қоспағанда, Мәскеу көшесіне дейін.»;

№ 325 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 325 сайлау учаскесі

(орталығы – «М. Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы» акционерлік қоғамы, «Ақмола колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, И. Гете көшесі, № 10а)

Шекарасы: І. Есенберлин көшесінен Ы.Алтынсарин көшесінің тақ сандар жағымен, И. Гете көшесіндегі № 7/1 үйді

қоспағанда, темір жол магистраліне дейін, темір жол магистралінің бойымен темір жол вокзалын қоспағанда, Біржан сал көшесіне дейін, Біржан сал көшесінің жұп сандар жағымен И. Құтпанұлы көшесіне дейін, И.Құтпанұлы көшесінен І. Есенберлин көшесіндегі № 11, 11б, 11/1 үйлерді қоспағанда, І. Есенберлин көшесінің тақ сандар жағымен Ы. Алтынсарин көшесіне дейін.»;

№ 345 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 345 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «№ 60 мектеп-лицей» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, С. Кубрин көшесі, № 21/1)

Шекарасы: К. Күмісбеков көшесінен Ә.Жангелдин көшесіне дейін,

Ә. Жангелдин көшесінен Боталы көшесіне дейін, Боталы көшесінен С. Кубрин көшесіндегі № 22/1 үйді қоспағанда, С. Сейфуллин көшесіндегі № 7 үйді қоса алғанда, С. Сейфуллин көшесіне дейін, С. Сейфуллин көшесінен

К. Күмісбеков көшесіндегі № 7/1, 7/2 үйлерді қоса алғанда, К. Күмісбеков көшесіне дейін.»;

№ 352 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 352 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Лияз Есенберлин атындағы

№ 67 гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Ш. Қосшығұллы көшесі, № 23/1)

Шекарасы: Бейбарыс сұлтан көшесінен бастап Ш. Бейсекова көшесіне дейін, Ш. Бейсекова көшесінен Ш. Айтматов көшесіндегі № 77, 77/1, 77/2 үйлерді қоспағанда, Есіл өзенінің жағалауына дейін, Есіл өзені жағалауының бойымен Бейбарыс сұлтан көшесіндегі № 11 үйге дейін, Бейбарыс сұлтан көшесінің тақ сандар жағымен Ш. Бейсекова көшесіне дейін.»;

№ 358 сайлау учаскесі жаңа редакцияда жазылсын:

«№ 358 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№ 60 «Арай» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, С. Кубрин көшесі, № 21/1)

Шекарасы: Ш. Қосшығұллы көшесінен Жамбыл көшесіне дейін, Жамбыл көшесінен К. Күмісбеков көшесіндегі № 11 үйді қоса алғанда, К. Күмісбеков көшесіне дейін, К. Күмісбеков көшесінен К. Күмісбеков көшесіндегі № 7/1, 7/2 үйлерді қоспағанда, Ш. Қосшығұллы көшесіне дейін.»;

жоғарыда көрсетілген шешімге 7-қосымшада:

мынадай мазмұндағы 5, 6, 7, 8, 9, 10-тармақтармен толықтырылсын:

«5. «Нұр-Сұлтан қаласы бойынша сайлау учаскелерінің шекаралары туралы» Астана қаласы әкімінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы № 01-21 шешіміне өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің 2020 жылғы 6 ақпандағы № 01-4 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1259 болып тіркелген).

6. «Нұр-Сұлтан қаласы бойынша сайлау учаскелерінің шекаралары туралы» Астана қаласы әкімінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы №01-21 шешіміне өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің 2020 жылғы 3 тамыздағы № 01-19 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1281 болып тіркелген).

7. «Нұр-Сұлтан қаласы бойынша сайлау учаскелерінің шекаралары туралы» Астана қаласы әкімінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы № 01-21 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің 2020 жылғы 5 қарашадағы № 01-50 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1303 болып тіркелген).

8. «Нұр-Сұлтан қаласы бойынша сайлау учаскелерінің шекаралары туралы» Астана

қаласы әкімінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы № 01-21 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № 01-61 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21755 болып тіркелген).

9. «Астана қаласы бойынша сайлау учаскелерінің шекаралары туралы» Астана қаласы әкімінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы № 01-21 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Астана қаласы әкімінің 2022 жылғы 28 желтоқсандағы № 01-304 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31319 болып тіркелген).

10. «Астана қаласы бойынша сайлау учаскелерінің шекаралары туралы» Астана қаласы әкімінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы № 01-21 шешіміне толықтырулар енгізу туралы» Астана қаласы әкімінің 2023 жылғы 14 ақпандағы №1-4 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1334-01 болып тіркелген).

2. «Астана қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің Астана қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім ресми жарияланғаннан кейін оның Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау «Астана қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысына жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласының әкімі

Ж. Қасымбек

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1389-01 болып тіркелген



БАЛҚАШТАН АЛҒАН ӘСЕР

Астана жұртшылығына жақсы таныс, өнерімен көпті тәнті еткен «Елорда» халықтық ардагерлер хоры қашанда жұрт алдына шығып, өз өнерлерімен көңілге қуаныш таратуға әрдайым дайын тұрады және жалыққан да емес. Осынау өнер ұжымының өзіне тән тарихы, жүріп өткен жолы бар. Өнерді жанына серік еткен бірнеше белсенді жандардың ұсынысы негізінде 2008 жылы ардагерлерден құралған «Елорда» ансамблі пайда болады.

Ол өзінің алғашқы қадамынан бастап-ақ қала тұрғындарына, өздері сияқты өнер сүйетін адамдар арасында танымал бола бастайды. Өмірден алған тәжірибелерінің, танымсыз еңбектерінің, жанқиярлық талпыныстарының арқасында ардагерлер ансамблі «Елорда» халықтық ардагерлер хоры дәрежесіне қол жеткізеді. Бұл күндері хор құрамында әртүрлі мамандық иелері бар. Олардың жас мөлшерлері – 65 жастан 81 жасқа дейін. «Елорда» халық ардагерлер хорының басты мақсаты – қазақтың байырғы өнерді мен күйлерін ескеден ұрпақтың бойына сіңіру, сол арқылы еліне, жеріне, тіліне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Бұл күндері «Елорда» халықтық ардагерлер хоры Алматы ауданы Ардагерлер кеңесі жанында үздік еңбек етіп жатыр. Құрылғандарына 15 жыл толған торқалы тойы да қала көлемінде жақсы аталып өтті. Бұл өнер ұжымында зейнетке шықса да қол қусырып отырмай, ән шырқау бақытына бөленген ардақты жандар жиналған. Осы өнер ұжымының репертуарында екі жүзге дейін

ән бар. Бұл ардақты да аяулы өнерпаз жандар – көрермендерінің қызу қол соғып, қошемет көрсеткендеріне дән риза болып, қызғылықты өмір кешіп жүрген аталар мен әжелер.

«Елорда» халықтық ардагерлер хоры Астана қаласы шеңберінде қалып қоймай, еліміздің басқа да өңірлеріне гастрольдік сапармен шығып жүр. Быылғы гастрольдік сапардың бірі – еліміздің түсті металлургияның ең маңызды орталығы болып саналатын Балқаш қаласы. Сапарлары жөнінде «Елорда» халықтық ардагерлер хорының жетекшісі Үміт Әлібекқызы:

– Балқаштағы гастрольдік сапарымыз өте жоғары дәрежеде өтті. Алғашқыда, қаламыздан аттанарда жастары ұлғайған хор мүшелерінің денсаулығына аздап болса да уайымдап едік, бірақ баруымыз да, қайтуымыз да жеңіл өтті. Жүргізушілеріміз жағдайларымызды ескеріп, өте жайлы апарып қайтты. Көңіл-күйіміз алғашқы сәттен-ақ өте көтеріңкі болды. Балқаштағы басшылар – қала әкімі Сапар Қайыркенұлы мен Ардагерлер

кеңесінің төрағасы Тайтөлеу Ақтайұлының қамқорының арқасында халыққа берген концертіміз де, бос уақыттағы демалу сәтіміз де ойдағыдай өтті. Біздер Балқаш қаласының басшыларына, халқына қатты риза болдық, – деп қуанышын жасыра алмады.

Хор жетекшісі, еңбек ардагері Үміт Дүйсенова мен хордың көркемдік жетекшісі, Мәдениет қайраткері Жекен Төберековтің еңбектерін ерекше атап өту керек. М.Хамзин атындағы Металлургтар сарайында «Елорда» халықтық хорының шырқаған әрбір әнін тыңдап отырған көрермендер бірге қосылып, хор репертуары залда отырған көрермендердің көңілінен шығып, жақсы әсер қалдырғаны байқалды. Көрермендердің көңіл-күйлерінің жақсы болғанын соққан қошеметтері мен сыйға тартқан гүл шоқтарынан білуге болатын еді.

Жүзден астам туынды репертуарында бар «Елорда» халықтық ардагерлер хоры бір жарым сағаттық концерт барысында жиырмадан астам туындыны орындады. Залда отырған бес жүз көрермен

жанды дауыста шырқалған әндерге сүйсініп, елтіп, ән ырғағымен бірге көңілдерінің көтеріңкі сезімде болғанын байқауға болатын еді. Термеші-ақын Есенбек Әмірбекұлы мен концертті жүргізуші Үміт Жакетқызының өнері де жұртты бейжай қалдырған жоқ. Әйелдер вокалдық тобының Шәмші Қалдаяқов әндерінен орындаған попури да көрермендердің көңілінен шықты. Қол соғып, алғыстарын айтып жатты. Бұл орайда «Елорда» халықтық хорының жиырмадан астам мүшесі өз өнерлерін Балқаш тұрғындарына көрсетіп, ондағы өздері сияқты ардагерлерден құрылған «Балқаш сазы» ансамбль мүшелерімен танысып, алдағы уақытта олармен тығыз қарым-қатынаста болатындарына қуанып тастады.

Гастрольдік сапармен барған «Елорда» халықтық ардагерлер хоры Балқаш көлінде параходпен серуендеп, қала мәдениетімен етене танысып, жандарына азық жинап, көтеріңкі көңіл-күймен оралды.

Осынау игі іс-шараны Алматы ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Марат Кәрімұлы Мұстафин ұйымдастырып, «Елорда» халықтық ардагерлер хорына қолдау көрсетті.

Баянды ӘЛПИ, Алматы ауданы Ардагерлер кеңесі медиатобының мүшесі

ЕЛОРДА БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ЭЛЕКТРОНДЫ ТҮРДЕ ҚАБЫЛДАУДЫ ЖҮРГІЗЕ БАСТАДЫ

Мектепке, колледждерге оқуға қабылдану үшін құжаттарды өткізу «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы да қарастырылған. Алайда, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті мониторинг кезінде елорданың бірқатар мектептері мен колледждерінде мемлекеттік қызметке өтініштер тек қана көрсетілетін қызметті беруші арқылы қағаз түрінде қабылданып жатқандығы анықталды.

Мектептердің, колледждердің өкілдері оқуға қабылдауға қажетті құжаттарды тапсыру «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы іске асыру мүмкін еместігі туралы және мемлекеттік қызметті түпкілікті алу үшін тек оқу орнына келу қажеттігін хабарлаған, бұл өз кезегінде бекітілген талаптарға қайшы келеді. Сонымен қатар, оқуға қабылданатын құжаттар тізімінде мемлекеттік қызмет көрсетуді реттейтін нормативтік құқықтық актілерде көрсетілмеген артық құжаттар болды, яғни бірінші сыныпқа қабылданатын оқушылардың ата-анасынан қажеті жоқ анықтамалар талап етілген.

Қағидаға сәйкес оқуға қабылдау барысында баланың туу туралы куәлік көшірмесі, 3х4 фотосурет, ата-анасының өтініші, №065/у медициналық анықта-

ма және №052-2/у вакцинация картасы болуы тиіс, алайда білім беру мекемелері негізгі құжаттарға қоса №026, №027, №063, №095 нысанды анықтамаларды сұратқан.

Бұл өз кезегінде қызмет алушылардың, яғни ата-аналардың көрсетілген анықтамаларды алу үшін емханада кезек күттіріп, уақыттарын өткізуіне тура келеді.

Ал, электронды құжатты өткізе отырып қызмет алушылардың уақыт жағынан үнемделуіне және мемлекеттік мекемелердің қағазбастылығын, сондай-ақ әкімшілік кедергілердің азаюын қамтамасыз етеді.

Нәтижесінде, Департамент Астана қаласының білім мекемелеріне тиісті түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, қолданыстағы заңнама талаптарын қатаң сақтауына ұсыныс білдірді.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде құқықтар бұзылған жағдайда азаматтар Департаментке Сарыарқа даңғылы 13, мекенжайы бойынша жазбаша түрде, не электрондық түрде «электрондық үкімет» порталы немесе «E-Otinish» азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау мен өңдеудің куәлік көшірмесі, 3х4 фотосурет, ата-анасының өтініші, «Kenes 1414 official» telegram-бот арқылы жүгіне алады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 505 бұйрығы және ЖАО жауапкершілігіне жататын жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсету туралы қолданыстағы заңнаманың тармақтары мен өзге де талаптарын басшылыққа ала отырып, «Астана қаласының Саулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ қоғамдық талқылаулар өткізетіні туралы хабарлаймыз.

Қоғамдық талқылаулар 2024 жылғы 10 қыркүйектегі, сағат 11:00-де, Республика даңғылы, 32, 1 қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Занды/жеке тұлғалардың өтініштері негізінде қаралатын мәселелер:

Астана қ., «Сарыарқа» ауданы, Т.Шевченко және Косыгин көшелерінің ауданында, «Янтарның берекесі» ЖШС тапсырыс берушісі, 17 қабатқа «Кіріктірілген үй-жайлар мен гараждары бар көпөтпелі тұрғын үй кешені» объектісінің қабаттылығы мен конфигурациясын өзгерту бөлігінде егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар электрондық мекенжайға үлгіге сәйкес нысан бойынша қоғамдық талқылаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады. k.baigabylova@astana.kz немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол.

Сканерлеу, сілтемелер, орналастыру туралы растау, жауап хатқа қоса беруіңізді сұраймыз.



«ДОСТЫҚ КЕШІ» КӨҢІЛДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия мемлекеттері басшыларының VI Консультативтік кездесуіне қатысу үшін Астанаға арнайы келген Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Әзербайжан президенттерімен бірге мәртебелі меймандардың құрметіне ұйымдастырылған «Достық кеші» гала-концертін тамашалады.

Мемлекеттер басшылары «Астана опера» вестибюлінде «Шығармашылық жаңғырығы» көрмесімен танысты. Көрмеге танымал қазақстандық суретшілердің туындылары және Орталық Азия елдері бейнелеу өнері шеберлерінің еңбектері қойылған.

Концерттік бағдарлама аясында қазақ, өзбек, қырғыз, тәжік, әзербайжан халықтарының әндері мен билері орындалды. Сондай-ақ көрермендердің назарына ұлттық музыкалық аспаптар ансамблінің сүйемелдеуімен «Достық дивертисменті» ұсынылды.



ЗЕРГЕРДІҢ ЗЕРЛІ ӘЛЕМІ

Ұлттық музейдің 10 жылдығына орай танымал зергер, суретші, реставратор, коллекционер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Берік Әлібайдың өнері туралы кітабының тұсаукесері мен шебердің «Ұрпаққа мұра» атты жеке мерейтойлық көрмесі ашылды.

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

Берік Әлібай – отандық зергерлік өнердің дамуына мол үлес қосқан шебер, Қазақстан Дизайнерлер одағы және Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, Карл Фаберже Халықаралық мемориалдық қорының «Еңбегі сіңген зергер» гауһартасты орденінің иегері. Ұлттық музей ашылған күннен «Консервация және металл, ағаш, былғары мен сүйектен жасалған бұйымдарды қалпына келтіру» секторына жетекшілік етті.

Зергерлік өнер оған атадан мирас болып дарыды. Атасы Әлімбай Әулиеата өңірінде зергерлік және ұсталықпен айналысып, бала Берікке қанат бітірді. Содан соң шебер түбегейлі өнер жолына түсіп, шеберлік шыңына көтерілді. Қазіргі күнге дейін 30 шақты шәкірт тәрбиеледі. Оның авторлық жұмыстары елімізбен қатар шетелдерге де жетті. Астана қаласындағы Берік Әлібайдың жеке музейіне келушілер саны да көп. Олардың арасында ел тұрғындары мен шетелдіктер де бар.

«Зергер Берік Әлібай» кітабында автор зергерлік өнерге қалай келгенін баяндай отырып, жұмыс барысы мен өз қолынан шыққан өнер туындылары туралы мәлімет берген. Кітаптың ішіндегі асатаяқ, үкілі бөрік, сәукеле, хан белдік, шақша, қамшы, әйелдерге арналған әшекей бұйымдар қатары қазақ мәдениетінің байлығын, этнографиялық қазынамыздың қуатын дәріптейді.

«Ұрпаққа мұра» атты көрмесі «Әке көрген оқ жонар», «Зер қадірін зергер білер», «Тарихтану» сынды бөлімдерге бөлінген. Мұнда зергердің және шәкірттерінің 158 авторлық бұйымы, панно (плакетка), ер-тұрман, бас киімдер, қару-жарақ, белдіктер және т.б. туындылары ұсынылды. Бұл – автордың соңғы он жылдағы жаңа әрі ең үздік туындылары.



Кітап тұсаукесері мен көрменің ашылуында белгілі әнші, композитор, Қазақстанның Халық әртісі Алтынбек Қоразбаев, суретші, қарутанушы-этнограф Қалиолла Ахметжан, график-суретші, өнертанушы Ералы Оспан, қоғам қайраткері, Ұлттық музейдің алғашқы директоры Дархан Мыңбай, Астана қаласы Суретшілер одағының төрағасы Өмірәлі Исмаилов, ғалымдар, зергердің шәкірттері автордың өнеріне тоқталып, ізгі тілектерін жеткізді. Белгілі қыпқалам шебері, журналист Жанұзақ Мүсәпір Берік Әлібайға Қазақстан Көркемсурет академиясының академигі атағын тапсырды.

Экспозицияны Ұлттық музейдің 5-қабатындағы Уақытша көрме залынан 8 қыркүйекке дейін тамашалауға болады.

КӨКПАРШЫЛАР ШЕБЕРЛІК СЫНАСТЫ

Астана қаласының маңындағы Талапкер ауылында көкпар ойыны ұйымдастырылды.

Қазақстан үшін 2024 жылдағы басты спорттық бәсекелердің бірі – Париж Олимпиадасы болса, екінші кезекте – V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының да маңызы зор. Кей адамдар үшін бұл жұлде жиынтығы сарапқа салынатын қарапайым ғана жарыс болса, біз үшін бұл ата-бабамыздан қалған дәстүрімізді жаңғырту, келешек ұрпаққа айтып қою ғана емес, іс-жүзінде көрсету деп білемін. Бұнымен шектелмейміз. Алдағы күндері атқа отыру, асық ату т.б спорт түрлерінен де шеберлік дәрісі өткізіледі, – деді Астана қаласының көкпардан жаттықтырушысы Ерлан Қанапин.

1 ай ғана уақыт қалған доданы қоғам арасында кеңінен таныту үшін еліміздің барлық өңірінде «Бірлік керуені» атты топ құрылды. Бұл топқа арнайы іріктелген 10 спорттағы қайраткерлер, журналистер кірді. Міне, бүгін осы көшпенділер ойынының бағдарламасына кіретін спорттарды насихаттау мақсатында көкпардан шеберлік дәрісі өтті.

– Көкпар – қазақтың байырғы заманнан келе жатқан ұлттық спорттың түрі. XXI ғасыр жаһандану кезеңімен тұспа-тұс келгенімен,

ұлттық дәстүріміз де ақырындап ұмытылып келеді. Күзде алғаш рет ұйымдастырылатын V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының да маңызы зор. Кей адамдар үшін бұл жұлде жиынтығы сарапқа салынатын қарапайым ғана жарыс болса, біз үшін бұл ата-бабамыздан қалған дәстүрімізді жаңғырту, келешек ұрпаққа айтып қою ғана емес, іс-жүзінде көрсету деп білемін. Бұнымен шектелмейміз. Алдағы күндері атқа отыру, асық ату т.б спорт түрлерінен де шеберлік дәрісі өткізіледі, – деді Астана қаласының көкпардан жаттықтырушысы Ерлан Қанапин.

Айта кетейік, 2017 жылдан бастау алған Дүниежүзілік көшпенділер ойыны елордамызда 8-13 қыркүйек аралығында өтеді.

Қанат БАЙҰЗАҚОВ



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –
Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор –
Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың
орынбасары –
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №95

Баспахана: Астана қаласы,

Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі:
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-teklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ